- материалдар мен бұйымдарды объект маңындағы қоймадан төсеу немесе монтаждау орнына түсіру және тасымалдау;
- құрылыс сатыларын орнату және бөлшектеу;
- қалыптарды оның айналуын ескере отырып орнату, майлау және бөлшектеу;
- темірбетон конструкцияларға арналған арматураны орнату, мүкәммал қалыптарын немесе қапсырма-астарды белгіленген тәсілмен дәнекерлеу кезінде орнату және бөлшектеу;
- бетон қоспасын тығыздап салу, бетонға күтім жасау және қалыптарды алғаннан кейін ашық беттерді ішінара сүрту (қажет болған жағдайда);
- уақытша шөгінді жұмыс және деформациялық жапсарлардың құрылғысы (қажет болған жағдайда);

Жұмыстың құрамы бойынша ерекшеленетін конструкцияларға арналған бөлімнің жекелеген дара сметалық бағаларында қосымша операциялардың тізбесі келтірілген.

1.3 Бөлімде арматураның барлық түрлерінің жалпы салмағынан (қаңқалармен, торлармен, жеке өзекшелермен) шығатын орташаланған шығысы ескерілген.

Жергілікті ресурстық сметаларды жасау кезінде арматураның шығысы мен болат сыныбын жұмысшылардың еңбек шығындарының және оны орнатуға машиналарды пайдалану уақытының құнын түзетпестен жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

1.4 [1)] Дара сметалық бағаларда электрмен дәнекерлеуді немесе байланыстыруды қолдана отырып арматураны орнатуға арналған шығындар ескерілген. Арматураны ванна тәсілімен дәнекерлеуді қолдану қажет болған жағдайда (электрмен дәнекерлеу немесе байланыстыру орнына) 6103-0701-(0701÷0703) дара сметалық бағаларды қолдану қажет.

1.5 Бетон сыныбын және толтырғыштың ірілігін жобалық деректер бойынша қабылдау керек. Көрсетілген деректер болмаған жағдайда бетон сыныбы 3.1-кесте бойынша қабылдануы тиіс.

3.1-кесте

р/с №	Конструкциялар	Бетон сыныбы (маркасы)	Толтырғыштың ірілігі, мм
1	2	3	4
1	Бетон және бутбетон конструкциялары	В7,5 (М100)	40-тан 70-ке дейін
2	Іргетас астындағы дайындамалар	В3, 5 (М50)	40-қа дейін
3	Іргетастар, іргетас тақталары, бағаналы іргетастар, тіреуіш қабырғалар мен қалыңдығы 200 мм-ден астам қабырғалар	В15 (М200)	40-тан 70-ке дейін
4	Өзге де конструкциялар	В15 (М200)	40-қа дейін

1.6 Қатты арматура ретінде қолданылатын металл конструкциялар мен болат өзекшелерді орнатуды «Металл конструкциялар» деген 6-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша қосымша анықтау керек.

1.7 Дара сметалық бағаларда конструкциялардың (арнайы құрылыстардың конструкцияларын қоспағанда) жер бетінен 15 м дейінгі биіктікте (тереңдікте) тұрғызылуы ескерілді. Жер бетінен 15 м жоғары (төмен) белгіде жұмыстарды жүргізу кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.1-3.4-тармағының 3.5-кестесінде келтірілген коэффициенттерді қолдану керек.

1.8 Периметрі 10 м-ден асатын бағана асты жақтаулары бар Іргетастардың құрылғысы 6103-0101-(0101÷0103, 0201÷0205) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек, ал периметрі 10 м-ге дейін және биіктігі 10 м-ден асатындарды (жоғарғы кертіктен есептегенде) бөлек есептеу керек: іргетастар үшін (жоғарғы кертікке дейін) - 6103-0101-(0204÷0205) дара сметалық бағалар бойынша, ал бағандар үшін – 6103-0101-0208 дара сметалық бағалар бойынша.

1.9 Биіктігі 2 м-ден асатын бағана асты жақтаулары бар тақта құрылғысын бөлек анықтау керек: тақта үшін 6103-0101-0213-дара сметалық баға бойынша, периметрі 10 м-ге дейінгі бағана асты жәақтаулары үшін – 6103-0101-0208-дара сметалық баға және 10 м-ден астам – 6103-0101 - (0201÷0205) дара сметалық бағалар бойынша.

1.10 Бағаналардан, арқалықтардан, басқа элементтерден тұратын Іргетастардың құрылғысын жеке конструктивтік элементтерге тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықтау керек.

1.11 [2)] Ағаш қалыптар мен бекіту бөлшектерінің шығыс нормалары олардың айналымдарының қалыпты санын және әрбір айналымнан кейінгі рұқсат етілетін шығындардың нормаларын ескере отырып анықталады.

1.12 6103-0201-(0101÷0103), 6103-0301-0201, 6103-0301-(0301÷0302), 6103-0301-0401, 6103-0301-0501, 6103-0401-0101, 6103-0401-0201, 6103-0501-(0101÷0108), 6103-0501-0201, 6103-0601-(0101, 0201) дара сметалық бағалар үшін амортизациялық аударымдарды 3.2-кестеде келтірілген деректер негізінде анықтау ұсынылады.

[1), 2)] Осы тармақтар 6103-0201-(0101÷0117), 6103-0301-(0201÷0205), 6103-0301-(0501÷0504), 6103-0401-(0101÷0205), 6103-0501-(0101÷0131), 6103-0601-(0201÷0204) дара сметалық бағаларға қолданылмайды.

3.2-кесте-Қалыптың орташа нормативтік айналымдылығы

Қалып түрі, қалып элементтерінің материалы	Келесілер үшін қалыптың айналымдылығы	
	қалып қалыптастырғыш элементтер, айналым бірліктері*	көтергіш және салмақ түсетін элементтер үшін, айналым бірліктері*
1	2	3
Ұсақ қалқанды:		
болат, алюминий	100	150
ағаш, пластик	15	30
Қалыпқа арналған жұқа тақтай**:		
қабырғалар, іргетастар, бағаналар	60	–
аражабындар	20	–
Үлкен қалқанды:		
болат, алюминий	200	250
ағаш, пластик	20	30
қалыпқа арналған жұқа тақтай**:		
қабырғалар, іргетастар, бағаналар	60	–
аражабындар	20	–
Блокты	150	150
Көлемді-ауыстырылатын	300	300
Сырғымалы:		
болат	100*	200*
ағаш	30*	50
Көтеру-ауыстырылатын	60*	80*
Көлденең-өткізілетін	80*	100*
Пневматикалық	5	–

* Сырғымалы, көтеру-ауыстырылатын және көлденең-өткізілетін қалыптар үшін – «м» көтеру немесе өткізу
** Екі жағынан қолданғанда

1.13 Анкерлік бұрандамаларды орнату кезінде ұяшықтарды (құдықтарды) құюға бетонның (ерітіндінің) шығысы іргетастарды орнату дара сметалық бағаларында ескерілген.

1.14 Егер жобада салмалы және жапсырма бөлшектерді тоттанудан қорғау көзделген жағдайда, «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімнің дара сметалық бағалары қолданылады.

1.15 Жерасты суларының деңгейі жоғары қазаншұңқырларда монолитті темірбетон конструкциялардың құрылғысы кезінде, жобада су деңгейін төмендету көзделмеген кезде, конструкцияларды бетондау және қалып пен арматураны жер асты суларының деңгейінен төмен орнату бойынша жұмыстарды құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері

негізінде жеке-жеке есепке алу керек.

1.16 Сырғымалы қалыпта монолитті темірбетон конструкцияларды тұрғызуға арналған дара сметалық бағаларда сырғымалы қалыптарды көтеру механизмдерін пайдалану уақыты ескерілмеген. Пайдалану уақытын жергілікті ресурстық сметаларды жасау кезінде тікелей ескеру қажет. Сырғымалы қалыптарды көтеру механизмдерінің жұмыс уақытын және қосымша еңбек шығындарын құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері бойынша айқындаған жөн.

1.17 Құрылысты ұйымдастыру жобасында авто-бетасымалдағыштарды қолдану көзделген жағдайларда, оларды пайдалану уақытын бетон жұмыстарын орындайтын жетекші машинаның жұмыс уақытына тең көлемде қосымша ескеру қажет.

3.3-кесте – Монолитті темірбетон конструкциялардың құрылғысы кезінде дара сметалық бағаларды қолдану жөніндегі ескертпелер

Позиция №	Дара сметалық баға коды	Ескертпе
1	2	3
1.18	6103-0101-(0101÷0103) 6103-0101-(0201÷0208)	Металл бағаналар астындағы іргетастардың құрылғысын 6103-0701-(0801÷0810) дара сметалық бағалар бойынша бетон денесінде қалатын анкерлік бұрандамалар мен кондуктор құрылғыларын қоса отырып анықтау керек. Анкерлік бұрандамаларды орнату кезінде ұяшықтарды (құдықтарды) құюға бетонның (ерітіндінің) шығысы іргетастарды орнату дара сметалық бағаларында ескерілген
1.19	6103-0101-(0101÷0215)	Ростверктердің құрылғысы кезінде қолданылады. Ұқсас іргетас бойынша анықтау. Мысалы, жеке қадалар немесе қадалар бұталарындағы ростверковтер – бағаналар астындағы тиісті көлемдегі іргетастарға арналған дара сметалық бағалар бойынша, қадалар қатары бойынша тақталар түріндегі ростверктер – таспа түріндегі іргетастарға арналған дара сметалық бағалар бойынша және т.б.
1.20	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	Дара сметалық бағаларда биіктігі 48 м ғимараттар құрылысы ескерілген. Салынып жатқан ғимараттың биіктігін мөлшерге азайту немесе ұлғайту кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-бөлімінің 3.5-3.15-тармағының 3.5-кестесінде келтірілген коэффициенттер қолданылуы тиіс.
1.21	6103-0101-(0301÷0304)	Ауыспалы қиманың тірек қабырғаларының құрылғысын олардың орташа қалыңдығына қарай анықтау керек
1.22	6103-0701-0501	Төменгі беті топырақтан жоғары болатын ростверктер құрылғысын анықтау кезінде қалып төменгі жағынан және оны ұстап тұратын конструкциялардың қосымша құрылғысын ескеру қажет
1.23	6103-0702-(0101÷0601)	Құрылыс жағдайларында бетондар мен ерітінділерді дайындауды ерекше жағдайларда бетон зауыттарынан (бетон еріту тораптарынан) бетондар мен ерітінділерді тасымалдауға жол бермейтін қашықтыққа құрылыс алаңын жою кезінде қолдану керек.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Қатты арматурасы бар позициялар қолданылатын конструкциялардың бетон көлемін қатты арматурамен (болат өзекшелермен) алып отырған көлемдерді шегере отырып, ал тұйық қималар кезінде – сондай-ақ бетонмен толтырылмайтын көлемдерді ескере отырып айқындаған жөн.

Қатты арматураның көлемін металл салмағын «т» (7,85 т/м3) тығыздыққа бөлумен есептеу керек.

Сырғымалы қалыптың осьтік сызықтарының ұзындығы сыртқы және ішкі қабырғалардың осьтері жоспарында жиынтық периметр ретінде анықталады.

3.4-кесте Монолитті темірбетон конструкциялардың құрылғысы кезіндегі жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

Позиция №	Дара сметалық баға коды	Ескертпе
1	2	3
2.2	6103-0101-(0101÷0304)	Ғимараттар астындағы темірбетон және бетон іргетастардың көлемі бетонмен толтырмайтын стакандар, қуыстар, ойықтар, құдықтар және басқа да элементтердің (анкерлік бұрандамаларға арналған тығындар көлемінен басқа) көлемі шегеріле отырып есептелуі тиіс.
2.3	6103-0201-(0101÷0117)	Монолитті темірбетон бағаналарының көлемін бағаналардың биіктігіне көбейтілген олардың қимасы бойынша анықтау керек. Бағаналардың биіктігін былайша қабылдау керек: қабырғалы жабындар кезінде-тақтаның төменгі бетінің табандығының жоғарысынан, қаңқалы конструкцияларда – табандықтың жоғарысынан бағаналардың жоғарысына дейін, консольдер болған кезде олардың көлемі бағаналардың көлеміне қосылады.
2.4	6103-0201-(0101÷0117) 6103-0401-(0101÷0105)	Жұмыстар көлемін қалып салынатын беттің м2 анықтау керек.
2.5	6103-0301-(0101÷0501)	Қабырғалар мен арақабырғалардың көлемін қораптардың сыртқы шеңберіндегі ойықтарды шегере отырып анықтау керек
2.6	6103-0301-(0201÷0205) 6103-0301-(0308÷0311) 6103-0301-(0403÷0406) 6103-0301-(0501÷0504)	Жұмыстардың көлемін ойықтарды шегермей конструкцияның м2-де анықтау керек.
2.7	6103-0401-(0101÷0105)	Монолитті темірбетон арқалықтардың көлемін арқалықтардың ұзындығына көбейтілген олардың қимасы бойынша қабылдау керек, бұл ретте: - бағаналарға тірелетін аралықтар мен аралықтардың ұзындығы бағаналардың немесе аралықтардың ішкі қырлары арасындағы арақашықтыққа тең болып қабылданады; - қабырғаларға тірелетін арқалықтардың ұзындығы қабырғаларға кіретін арқалықтардың тірек бөліктерінің ұзындығын ескере отырып анықталады; - қаңқалы конструкциялар мен жеке арқалықтарда арқалықтардың толық қимасы қабылданады; - қабырғалы аражабындарда және монолитті тақталары бар арқалықтарда арқалықтардың қимасы тақтаның қалыңдығын есепке алмай анықталады. Доғалқиыстар болған жағдайда олардың көлемі арқалықтардың көлеміне қосылуы тиіс.
2.8	6103-0501-(0101÷0131)	Жұмыстардың көлемін желдеткіш қораптарға, құбырларға және т. б. тесіктерді шегермей конструкцияның м2-де анықтаған жөн.

3.4- кестенің соңы

1	2	3
2.9	6103-0501-(0101÷0210)	Монолитті темірбетон тақталардың көлемі тақтаның қалыңдығына аражабынның барлық ауданының көбейтіндісі ретінде анықталады, бұл ретте қабырғаларға кіретін тақтаның тірек бөліктерінің көлемі ескерілуі тиіс. Доғалқиыстар болған кезде олардың көлемі тақталар көлеміне қосылады. Монолитті темірбетон қисық сызықты тақталардың көлемі тақтаның қалыңдығына қисық сызықты кескінді аражабын ауданының туындысы ретінде анықталады. Жабынды қисық сызықты тақталардың ауданын не дөңгелектеу басы мен шетінің радиусы арасындағы сектор ауданы ретінде (дөңес дөңгелектенген кезде) немесе дөңгелектелген бөлікке қатысты түзулер арасындағы алаң ретінде (бүгілген беткі қабатта) анықтау керек. Қабырғалы аражабындардың көлемін арқалықтар мен тақталардың жиынтық көлемі бойынша, ал арқалықсыз жабындарда – тақталар мен капительдердің көлемі бойынша анықтау керек
2.10	6103-0701-0501	Жұмыстардың көлемін ростверктердің көлденең кескінінің м2 ауданында анықтау керек

3 Бөлімді қолдану шарттарын ескеретін дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

3.5-кесте-Монолитті темірбетон конструкциялардың құрылғысы кезінде дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалар	Коэффициенттер	
			негізгі жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына	машиналарды пайдалану уақытына
1	2	3	4	5
	Жер бетінен биіктікте (тереңдікте) жұмыстарды жүргізу кезінде, м:			
3.1	16-дан 35-ке дейін	6103-0101-(0101÷0304) 6103-0201-(0101÷0117) 6103-0301-(0101÷0205) 6103-0301-(0501÷0504) 6103-0401-(0101÷0301) 6103-0501-(0101÷0131) 6103-0601-0201 6103-0701-0101 6103-0701-(0301÷0501) 6103-0701-(0701÷0810)	1,04	–
3.2	36-дан 55-ке дейін		1,12	–
3.3	56-дан 75-ке дейін		1,2	–
3.4	76-дан 105-ке дейін		1,3	–

3.5- кестенің соңы

1	2		3	4
	Қоғамдық және тұрғын ғимараттарының биіктігі келесідей болғанда сырғымалы қалыпта және қалыптың ауыстырылып қойылатын түрлерінде			
3.5	15	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	0,89	0,80
3.6	27	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	0,92	0,98
3.7	30	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	0,93	0,91
3.8	36	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	0,96	0,94
3.9	42	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	0,98	0,97
3.10	54	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	1,02	1,05
3.11	60	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	1,03	1,07
3.12	72	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	1,05	1,12
3.13	75	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	1,06	1,14
3.14	78	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	1,07	1,16
3.15	90 және одан астам	6103-0301-(0301÷0407) 6103-0501-(0201÷0210)	1,08	1,21

4-бөлім Құрама бетон және темірбетон конструкциялар

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімде тұрғын үй-азаматтық құрылыстағы құрама бетон және темірбетон конструкциялардың құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар қамтылған.

1.2 Дара сметалық бағаларда конструкцияларды орнату бойынша негізгі жұмыстардың толық кешенін орындау ескерілген, оның ішінде: материалдар мен бұйымдарды түсіру, қажетті сұрыптау және объект жанындағы қоймадан монтаждау кранының әрекет ету аймағына тасымалдау, конструкцияларды көтеру, орнату, тексеру және бекіту.

Дара сметалық бағаларда, сондай-ақ мынадай ілеспе жұмыстар ескерілген:

- төсемдерді, бесікшелерді, баспалдақтарды, кондукторларды және монтаждық құралдарды орнату, өткізу және жинау (алу) ;
- бетонды, ерітіндіні және басқа да материалдарды төсеу орнына тасымалдау;
- ерітіндіден немесе бетоннан төсеніш құрылғысы;
- ілмектерді кесу және ию;
- орнатылатын құрылымдарды, орнату орындарын және жанасуларды тазалау;
- жұмыс өндірісінің қауіпсіздік техникасы ережелерімен көзделетін қоршаулар мен басқа да қорғаныс құралдарының құрылғысы және жұмыстарды жүргізу кезінде қажетті басқа да қосалқы жұмыстар.

Аталған жұмыстар топтарға «жұмыс құрамында» көптеген дара сметалық бағаларда қайталанатын ретінде келтірілмеген. Бірқатар дара сметалық бағаларда монтаждық бұйымдарды (жапсырмалар, төсемдер және т.б.), тірек консольдер мен арматураларды орнату, түйіспелер мен жанаспаларды монолиттеу, қалыптарды орнату, бөлшектеу және майлау және құрамы топтарда келтірілген басқа да жұмыстар ескерілген. Бұл ретте, егер жұмыс құрамында бетондау, жапсарларды монолиттеу немесе толтыру туралы нұсқаулар келтірілсе, онда бұл бетонды тығыздау, оны жабу, сумен толтыру жөніндегі жұмыстар ескерілгенін, ал егер қалыптың құрылғысы туралы нұсқаулар келтірілсе, онда оны майлау және бөлшектеу жөніндегі, сондай-ақ қалыптарды алғаннан кейін ашық беттерді тегістеу және сүрту (қажет болған жағдайда) жөніндегі жұмыстар ескерілгенін болжайды. Дәнекерленген жалғанымдардың сапасын бақылау дара сметалық бағаларда ескерілмеген. Жобада көзделген жағдайларда бұл жұмыстар «Металл конструкциялар» деген 6-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындалуы тиіс.

1.3 Дара сметалық бағаларда биіктігі 40 м-ге дейінгі конструкцияларды орнату көзделген.

1.4 Биіктігі 40 м-ден асатын конструкцияларды орнатуды айқындау кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді қолдану қажет.

1.5 Дара сметалық бағаларда крандардың орташа сипаттамалары келтірілген. Оларды жоба бойынша көзделген құрылыс ұйымдарына өзгерту жүргізілмейді.

1.6 Қалыптарда шынжыр табанды және пневмокөліктік жүрістегі жебелі крандармен конструкцияларды орнату кезінде дара сметалық бағаларда шынжыр табанды жүрістегі крандарға келтірілген машиналарды пайдалану уақытының нормалары көрсетілген.

1.7 Дара сметалық бағаларда келтірілген ерітінділер маркалары және конструкцияны монолиттеуге және түйіспелерді бітеуге арналған бетондардың сыныптары жобаға сәйкес түзетілуі тиіс.

1.8 Дәнекерлеуді ванналық тәсілмен қолдану кезінде мүкәммал қалыптарын, сондай-ақ қапсырма-астарды (жапсырмаларды) пайдалана отырып жұмыстарды орындау көзделген.

1.9 Дара сметалық бағаларда көрсетілген маркалар мен типтерге келтірілген электродтар шығысы көзделген.

1.10 Аражабындар мен жабындар тақталарының жапсарларын астынан (6104-0501-кіші бөлімді қоспағанда), арақабырғалар панельдерінің жапсарларын және сыртқы қабырғалар панельдерінің ішкі жапсарларын (егер бұл жұмыстар жобада көзделсе) сөгуге арналған дара сметалық бағаларды «Әрлеу жұмыстары» деген 12-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қабылдау қажет.

1.11 Барлық қажетті жағдайларда бетон негіздердің құрылғысын «Монолитті бетон және темірбетон конструкциялар» деген 3 бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қосымша айқындау қажет.

1.12 Бөгеттерді пакеттермен салу кезінде конструкциялардың салмағын пакеттің салмағына қарай анықтау керек.

1.13 Цемент толтырғыштардың орнына деформациялық жапсарлардың, термитті баулардың немесе қалдық талшықтың құрылғысы кезінде көбікті-полиуретанды (КПУ) монтаждау, көбік және басқа да материалдар қолданылуы мүмкін. Дара сметалық бағаларда көрсетілген материалдарды соңғылардың басқа шығысына ауыстырған кезде жобалау-технологиялық деректер бойынша анықталады, бұл ретте еңбек шығындарының құны түзетілмейді. Дара сметалық бағаларды жасау кезінде өзара алмастырылатын материалдардың біреуі ғана қабылдануы тиіс.

1.14 Жерасты суларының жоғары деңгейі бар қазаншұңқырларда құрама темірбетон конструкцияларды монтаждау кезінде, жобада су деңгейін төмендету көзделмеген кезде конструкцияларды монтаждау және жапсарларды жер асты суларының деңгейінен төмен бітеу бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңінде құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері негізінде тиісті дара сметалық бағалар бойынша қосымша есепке алу керек.

4.1-кесте – Құрама темірбетон конструкцияларды монтаждау кезінде дара сметалық бағаларды қолдану жөніндегі ескертпелер

Позиция	Сметалық баға коды	Ескертпе
1	2	3
1.15	6104-0204-(0201÷0206, 0301, 0302)	Сейсмикалығы 7-9 балл болатын аудандарда құрылыс кезінде қабырға панельдерін орнатуға арналған дара сметалық бағалар цокольді панельдер мен қаттылық диафрагмаларын орнатуды көздемейді. Оларды орнату жертөле панельдері үшін – 6104-0204-(0101, 0102) дара сметалық бағалар және қаттылық диафрагмалары үшін – 6104-0205-(0105÷0109) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек
1.16	6104-0207-(0101÷0105)	Дара сметалық бағаларда дара ірі панельді арақабырғаларды орнату көзделген. Қосарлы арақабырғаларды орнату кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-бөлімінің 3.19-тармағында келтірілген коэффициентті қолдану керек.
1.17	6104-0402-(0104, 0105)	Сейсмикалығы 7-9 балл болатын аудандарда құрылысқа арналған ғимараттарда екі жаққа тірелетін панельдерді орнатуға арналған дара сметалық бағалар қаңқалы ғимараттарда панельдерді монтаждауды көздейді
1.18	6104-0501-(0103, 0105)	Салмағы 1 т дейінгі баспалдақ басқыштарын орнатуға арналған дара сметалық бағалар цокольдық қабаттардың маршаларын монтаждауды көздейді

4.1- кестенің соңы

1	2	3
1.19	6104-0802-(0101, 0102)	Ғимараттардағы деформациялық тік жапсарларды орнатуға арналған дара сметалық бағалар сейсмикалығы 7-9 балл болатын аудандарда, қисық радиусы 1÷12 км болатын тау-кен қазбаларының үстінен және II типті шөгінді топырақтарда құрылыс жағдайларына арналған.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Өлшем бірлігі 1 м3 болатын құрама темірбетон конструкциялардың көлемін жобаның ерекшелігі бойынша анықтау керек.

2.2 Өлшем бірлігі 1 м2 құрама конструкциялардың ауданын ойықтарды шегермей сыртқы қоршау бойынша айқындаған жөн.

2.3 Ғимараттың биіктігі жабын тақталарының үстіңгі бетінің белгілері мен кран жұмыс істейтін алаңның белгілері (шынжыр табанды және пневмодоңғалақты жүрістегі крандарда) немесе кран жолдары рельстерінің басы (мұнаралы крандарда) арасындағы айырмашылық ретінде анықталуы тиіс.

Биіктігі 1 м дейінгі дәлдікпен есептеледі (толық емес 0,5 м есепке алынбайды).

Шатырдың үстінен көтерілген конструктивтік элементтер (жеке желдету шахталары, төбеге шығуға арналған қондырмалар, брандмауэр, жақтаулар және т.б.) ғимараттың биіктігін анықтау кезінде ескерілмейді.

Кран жолдарының крандары мен рельстерінің жұмысы үшін алаңның белгісі құрылысты ұйымдастыру жобасы бойынша қабылдануы тиіс. Осы деректер болмаған жағдайда шынжыр табанды және пневмодоңғалақты жүрістеші крандар үшін жоспарлау белгілері, ал мұнаралы крандар үшін – 0,3 м қосылған жоспарлау белгілері қабылданады.

2.4 Биіктіктердің өзгеруі бар ғимараттарда конструкцияларды орнату бойынша жұмыстарды анықтау керек:

2.4.1 бір қабатты ғимараттарда:

құрылыс алаңы 5 мың м^2 астам:

– төмен бөлігі құрылысының ауданы 2 мың м^2-ден кем болғанда – жоғары бөлігі үшін дара сметалық бағалар бойынша;

– төмен бөлігі құрылысының ауданы 2 мың м^2-ден астам болғанда –төмен және жоғары бөліктер үшін бөлек;

құрылыс алаңы 5 мың м^2 дейін – жоғары бөлік үшін дара сметалық бағалар бойынша.

2.4.2 көп қабатты ғимараттарда:

– төменгі бөліктің ұзындығы 20 м-ден артық болғанда-жоғары және төмен бөлік үшін бөлек;

- төмен бөліктің ұзындығы 20 м-ге дейін болғанда – төмен бөлік үшін дара сметалық бағалар бойынша, кранның сипаттамасын жоғары бөлік үшін кранға ауыстырумен.

2.5 Жүк-жолаушы көтергіштерін пайдалануды анықтау үшін құрылыс ауданы биіктігі 25 м және одан жоғары ғимараттардың бөліктері үшін ғана есептелуі тиіс.

3 Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

4.2-кесте - Құрама темірбетон конструкцияларды монтаждау кезінде дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция	Қолдану шарттары	Сметалық бағалар	Құнға қолданылатын коэффициенттер		
			еңбек шығындары	пайдалану уақыты	материалдар
1	2	3	4	5	6
3.1	Жұмыстарды жүргізу кезінде:биіктігі 40 м жоғары ғимараттарда	6104-0201-(0101÷0108), 6104-0202-(0101÷0104) 6104-0203-(0101÷0113), 6104-0204-(0101÷0110, 0201÷0206, 0301, 0302), 6104-0205-(0101÷0109), 6104-0301-(0101÷0114), 6104-0401-(0101÷0112), 6104-0402-(0101÷0107), 6104-0501-(0101÷0106), 6104-0701-(0101÷0104)	1,16	1,16	–
3.2	Қосарлы ірі панельді арақабырғаларды орнату кезінде	6104-0207-(0101÷0105)	2,0	2,0	2,0

5-бөлім Тас конструкциялар
1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары кірпіштен және тұрғын үй-азаматтық ғимараттардың блоктарынан жасалған конструкциялардың құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстарын көздейді.

1.2 6105-0201-(0101÷0103, 0105÷0106), 6105-0101-0201÷0203 дара сметалық бағаларда келесі жіктеуге сәйкес олардың күрделілігіне қарай керамикалық немесе силикатты кірпіштен және тастардан сыртқы қабырғаларды қалау көзделген:

- қарапайым қабырғалар - сыртқы қабырғалардың беткі жағының 10%-ынан аспайтын ауданды алып жатқан күрделі бөліктері бар;
- күрделілігі орташа қабырғалар - сыртқы қабырғалардың беткі жағы ауданының 20%-ынан аспайтын ауданды алып жатқан күрделі бөліктері бар;
- күрделі қабырғалар - сыртқы қабырғалардың беткі жағының 40%-ынан аспайтын ауданды алып жатқан күрделі бөліктері бар;
- сыртқы қабырғалардың беткі жағының 40%-ынан астамын алып жатқан күрделі бөліктері бар қабырғалар ерекше күрделі қабырғаларға жатады.

Сыртқы қабырғалардың күрделілігі қалаудың күрделі бөліктері алып жатқан алаңның (барлық сыртқы қабырғалардың екі жағында) сыртқы қабырғалардың бет жағының жалпы ауданына ойықтарды шегерместен пайызбен қатынасы түрінде белгіленеді. Бұл ретте қалаудың күрделенген бөліктеріне кірпіш пен тастардан орындалатын керамикалық немесе силикатты ернеулер, белдіктер, сандриктер, рустар, контрфорстер, пилястралар, жартылай бағаналар, эркерлер, лоджиялар, қисық сызықты кескінді ойықтарды жиектеу, сондай-ақ қуыс құрылғысы жатады.

1.3 Осы Бөлімнің дара сметалық бағаларында көлемі 250×120×65 мм керамикалық, қуыс, силикатты қалау немесе беттік кірпіш; көлемі 250×120×138 мм керамикалық немесе силикатты (қалау немесе беттік) тастарды қолдану көзделген. Басқа өлшемдердегі кірпішті немесе тастарды қолданған кезде материалдардың шығысы жергілікті өндірістік нормалар бойынша түзетіледі.

1.4 Дара сметалық бағаларда ағаш тығындарды орнату ескерілген.

1.5 6105-0101-(0102÷0103, 0105÷0107) дара сметалық бағаларда іргетастар мен қабырғаларды көлденең оқшаулау ескерілген. Массивтерді көлденең оқшаулауды 11-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықтау керек.

Жер деңгейінен жоғары қабырғалар бойынша оқшаулау құрылғысын 6111-0401-(0101÷0103) дара сметалық бағалар бойынша қосымша анықтау керек.

1.7 6105-0101-(0201÷0203), 6105-0201-(0201÷0209, 0401÷0403), 6105-0101-(0301÷0303, 0401÷0403, 0404÷0406, 0407÷0410, 1501÷1508), 6105-0301-(0101÷0110, 0201÷0206, 0209÷0210) дара сметалық бағаларда осы дара сметалық бағаларда көзделген материалдардан кәдімгі белдіктерді, ернеулерді және қасбеттің ұқсас элементтерін қалау ескерілген. Қасбеттің көрсетілген элементтерін кірпішпен және керамикалық бет пішіндерімен қаптай отырып қалау құрылғысын 6105-0201-(1101÷1112, 1201÷1206) дара сметалық бағалар бойынша айқындаған жөн.

1.8 6105-0201-(0101÷0106, 0501÷0504, 0801÷0806) дара сметалық бағаларда сыртқы қабырғаларды қаптаусыз, 6105-0201-(1001÷1032, 1301÷1304), 6105-0301-(0105÷0110, 0209, 0210) дара сметалық бағаларда – қаптай отырып, 6105-0201-(1501÷1508) дара сметалық бағалары – ауа қабатымен және жылу оқшаулағыш тақталармен жылыта отырып, қалау көзделген. Бұл жағдайларда кірпіштің ішкі қабырғаларын төсеу құрылғысы 6105-0201-(0107÷0108) дара сметалық бағалар, ал керамикалық немесе силикат тастарынан – 6105-0201-(0801÷0802) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.

1.9 6105-0201-(1401÷1418, 1501÷1508) кешенді дара сметалық бағалар жеңілдетілген конструкцияның сыртқы кірпіш қабырғаларын және жеңілдетілген және қарапайым конструкцияның ішкі кірпіш қабырғаларын қалауға арналған.

1.10 6105-0301-(0101÷0110) дара сметалық бағаларда тұтас, қуыс бетонды тастардан да қуыстарды толтырмай қабырғаларды қалау көзделген. Қажет болған жағдайда тастардағы қуыстарды толтыру 6105-0301-0111-дара сметалық баға бойынша қабылданады.

1.11 6105-0201-(1401÷1418, 1501÷1508), 6105-0301-(0101÷0110, 0201÷0210) дара сметалық бағаларда көзделген қабырғаларды қалау кезінде, цоколь, белдеулер, және кірпіштен тұтас қалаумен орындалатын осындай элементтердің құрылғысын 6105-0201-(0101÷0102) дара сметалық бағалар бойынша, ал кірпіштен жасалған ернеулерді және басқа да сәулеттік бөлшектердің құрылғысын 6105-0201-(0307÷0308) дара сметалық бағалар бойынша анықтау керек.

1.12 6105-0301-(0201÷0210) дара сметалық бағаларда табиғи тастардан қабырға қалауының келесі жіктелуі көзделген:

- кәдімгі - сылақтың астында;
- қатарлық - тастарды іріктеумен және қатардың биіктігі бойынша жонумен тастың беткі қабатын қосымша өңдеусіз;
- таза - жапсарларды сөгу арқылы (таза жону тастарынан немесе арамен кесілген тастардан), үккіштің астына сыртқы беттелген тасты өңдеу арқылы.

1.13 Дара сметалық бағаларда сыртқы қабырғалардың беткі жағынан жапсарларды сөгу көзделген. Егер жобада жапсарларды ішкі жағынан сөгу көзделген болса немесе сылаққа, қаптауға қалау кезінде азайту немесе ұлғайту 6105-0201-(0601÷0602) дара сметалық бағалар бойынша қосымша қабылдануы тиіс.

1.14 Қалауды арқаулау кезінде (маңдайшалар, аралық қабырғалар, байланыстар және т.б.) 6105-0201-0701-дара сметалық бағаны қолдану керек.

1.15 Дара сметалық бағаларда биіктігі 4 м-ге дейін қабырғаларды қалау үшін төсемдерді орнату, орнын ауыстыру және бөлшектеу көзделген.

Жеке тұрған қабырғаларды қалау, қаңқалар мен фахверктер толтыру және биіктігі 4 м-ден асатын тіреуіш қабырғаларды, сондай-ақ биіктігі 4 м-ден асатын қабаттары бар ғимараттардың қабырғалары мен қалқаларын қалау кезінде құрылыс сатыларының құрылғысын қосымша 6125-0401-0105-дара сметалық баға бойынша анықтау керек.

1.16 Ішкі тік жігі кең төселген қалау кезінде (жылу техникалық талаптар бойынша) қалаудың қалыңдығын әрбір 10 мм ұлғайтқанда кірпіштің шығыс нормаларын 7 данаға азайту, ал ерітіндіні 0,014 $м^3$ 1 $м^3$ қалауға көбейту қажет.

1.18 6105-0401-0105-сметалық баға үй-жайдың биіктігін толық емес 4 м-ге ұлғайту кезінде де қолданылады.

1.19 6105-0201-(1105÷1114) дара сметалық бағаларда пештер мен ошақтарға арналған аспаптардың шығысы ескерілмейді.

1.21 Сыртқы және ішкі құрылыс сатыларының бөлшектерін орталық қоймадан объектіге (объект маңындағы қоймаға) жеткізу, сондай-ақ оларды объект маңындағы қоймадан құрылыс ұйымының орталық қоймасына немесе басқа объектінің объект маңындағы қоймасына жеткізу 6105-0401-0105-дара сметалық бағада ескерілмеген.

1.22 Жер асты суларының деңгейі жоғары қазаншұңқырларда кірпіш қалау бойынша жұмыстарды орындау кезінде, жобада су деңгейін төмендету көзделмеген кезде, қабырғаларды кірпіш қалау бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңінде жер асты суларының деңгейінен төмен су ағызу бойынша жұмыстарды құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері негізінде қосымша ескеру қажет.

1.23 Дара сметалық бағаларда кірпішті 5 м-ге тасымалдау жұмыстары ескерілген. Кірпішті нормативтіктен алыс қашықтықтарға тасымалдаған жағдайда құрылысты ұйымдастыру жобасына сәйкес қосымша ескеру қажет.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Кірпішпен қапталған қабырғаларды буттық қалау бойынша жұмыстардың көлемін қаптауды ескере отырып есептеу қажет

2.3 Қабырғалар қалауының көлемін қораптардың сыртқы қоршауы бойынша ойықтарды алып тастағанда есептеу керек. Ойықта екі қорап болған жағдайда ойықтың ауданын сыртқы қораптың қоршауы бойынша есептеу керек.

2.4 Дара сметалық бағаларда көзделген материалдан орындалатын сәулет бөлшектерін (пилястралар, жартылай бағаналар, ернеулер, жақтаулар, эркерлер, лоджиялар, белдеулер және т.б.) қалау көлемін қабырғалардың жалпы көлеміне қосу керек. Биіктігі 25 см-ге дейінгі ұсақ сәулет бөлшектері (сандриктер, белдеулер және т. б.) дара сметалық бағаларда ескерілген және қалаудың көлеміне енгізілмейді.

2.5 Қалау материалынан ерекшеленетін материалдардан жасалған конструкциялардың көлемін (темірбетон бағаналар, астарлы тақталар, бөгеттер, іргетас арқалықтары, санитарлық-техникалық және жылу панельдері және т. б.) қалау көлемінен алып тастау керек.

Арқалықтардың, аражабындар панельдерінің, тақталардың ұштарын бітеуге арналған ұяшықтар немесе атыздар, сондай-ақ жылыту үшін қуыстар, желдеткіш және түтін арналары, сатылар мен т. б. көлемі қалаудың көлемінен алып тасталмайды, жапсарлас жабдықтарға арналған қуыстар көлемі қалаудың көлеміне қосылмайды.

2.6 Керамикалық тақталармен қалау процесінде қаптау арқылы қабырғаларды қалау бойынша жұмыстардың көлемі қораптардың сыртқы қоршауы бойынша ойықтарды алып тастағанда қабырғалардың жобалық ауданы бойынша есептеледі.

2.7 Ауа қабаты бар кірпіштен қабырғаларды қалау кезінде ауа қабатының көлемі жоққа шығарылмайды.

2.8 Ішкі жағынан термооқшаулағыш тақталармен жылытылатын кірпіштен жасалған қабырғаларды қалау жылытқыш тақталарының қалыңдығын есепке алмай анықталады.

2.9 6105-0101-(1001÷1003), 6105-0201-(0801÷0803) дара сметалық бағалар қабырға учаскелерін өлшеу бойынша 1 $м^3$ қалауға, онда шығыңқы ернеулермен, белдеулермен және басқа да қасбеттің элементтерімен бірге, беттік пішінді кірпішпен немесе бет пішінді тастармен қапталған қабырға учаскелері шегінде берілген.

2.10 Арақабырғалардың құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін қораптардың сыртқы қоршауы бойынша ойықтарды шегере отырып, жобалық алаң бойынша есептеу керек.

2.11 Жапсарларды сөгу бойынша жұмыстардың көлемін ойықтар ауданын шегермей, сөгілетін қабырғалардың ауданы бойынша анықтау керек.

2.12 Цилиндрлік күмбездерді қалау бойынша жұмыстардың көлемі олар тірелетін күрделі қабырғалар арасындағы аражабынның немесе жабынның көлденең кескінінің ауданы бойынша есептеледі.

2.13 Кіреберістердің құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін кіреберістердің көлденең кескінінің толық ауданы бойынша, басқыштарды қоса есептеу керек.

2.14 Терезе алды тақтайларын төсеу бойынша жұмыстардың көлемін олардың қабырғаға бекітілуін ескере отырып есептеу керек.

2.15 Сыртқы мүкәммал құрылыс сатыларын орнату және бөлшектеу оларды ғимараттың қасбетіне тік кескінінің ауданы бойынша, ішкі – негізге көлденең кескіні бойынша есептеледі.

Егер ішкі құрылыс сатылары тек қабырғаларды әрлеу үшін (қабырғаларды бойлай) орнатылса және төбені әрлеуге арналған барлық үй-жай бойынша тұтас төсеніші болмаса, онда олардың алаңы ағаш төсенішінің еніне көбейтілген қабырғалардың ұзындығы бойынша есептеледі.

2.16 Пештерді, жылыту ошақтарын және түтін мұржаларын қалау бойынша жұмыс көлемін қуысты шегермей есептеу керек, бұл ретте тік және көлденең бөліктер мен суық төрттіктердің көлемін ескеру қажет емес.

Кесектермен қапталатын пештерді қалаудың көлемі қаптауды есепке алмай қалаудың мөлшері бойынша анықталады.

Пештердің ауданы олардың көлемін есептеу кезінде от жағу деңгейінде қимасы бойынша, ал биіктігі - пештің түбінен жоғарыға дейін қабылданады.

Пештерді кесектермен қаптау алаңы қапталған қырдың сыртқы өлшемі бойынша қабылданады.

3 Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

5.1--кесте - Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалар	Коэффициенттер		
			негізгі жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына	машиналарды пайдалану уақыты	материалдар шығысы
1	2	3	4	5	6
3.1	Өлшемі келесідей кірпіштен қалау кезінде 250×120×88 мм	6105-0201-(0101÷0104, 0301,0302, 0601÷0603, 0701, 0105, 0106, 0201÷0209, 0801÷0803, 0901, 0902, 0401÷0413, 0502÷0504, 1001) 6105-0101-(0301÷0303, 0401÷0403, 1001÷1006)	–	–	0,77 (кірпіш) 0,9 (ерітінді)
3.2	Өлшемі 250×120×88 мм кірпіштен қалау кезінде жапсарларды сөгу	6105-0401-0101	0,75	–	–
3.3	Тіреуішпен қаңқалы қабырғаларды толтыру	6105-0201-(0104)	1,15	–	–
3.4	Қабырғаларды екі жағынан қаптау кезінде	6105-0101-(0302, 0402), 6105-0201-0202	–	–	0,5 (кірпіш және қалау тастары)
3.5		6105-0101-(0303, 0403), 6105-0201-0203	–	–	0,6 (кірпіш және қалау тастары)
3.6		6105-0101-(0302-0303, 0402-0403), 6105-0201-(0202, 0203)	–	–	2 (кірпіш және беттік тастар)
	Автордың суреті бойынша 2- түсті кірпішпен қапталған, тұтас сәулеттік суретпен қабырғаларды тік жапсармен біріктірілген беттік кірпішпен қаптай отырып, қалау, қабырғалардың қалыңдығы, мм:				

5.1-- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
3.7	380	6105-0201-0201	1,2	–	–
3.8	510 және 640	6105-0101-(0302-0303)	1,15	–	–
3.9	Қисық сызықты кескінді қабырғаларды қалау	6105-0101-(0201÷0203, 0301÷0303, 0401÷0403, 0501÷0502, 0601÷0606, 0701÷0704, 0801, 0901÷0902, 1001÷1006), 6105-0201-(0101÷0106, 0201÷0209, 0301÷0302, 0401÷0413, 0801÷0803, 0901÷0902), 6105-0301-(0101, 0102, 0301, 0302, 0401), 6105-0401-0106	1,1	–	–

6-бөлім Металл конструкциялар
1 Жалпы нұсқаулар

1. Бөлім тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы металл ғимараттардың конструкцияларын орнату бойынша құрылыс жұмыстарын жүргізуге арналған

1.2 Дара сметалық бағалар үлгілік және қайта қолданылатын жобалар негізінде әзірленді, ғимараттар мен құрылыстардың конструкцияларын монтаждаудың орташа салалық шарттарын ескереді.

Дара сметалық бағалар техникалық сипаттамалары немесе монтаждау шарттары бойынша ерекшеленетін ғимараттар мен құрылыстардың конструкцияларына қолданылмайды.

1.3 Дара сметалық бағалар қойма және құрастыру алаңдарының монтаждау аймағын тиісті дайындаумен, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды, теміржол және кран жолдарын, автожолдар мен энергетикалық желілерді салумен және құрылымдарды монтаждау үшін қажетті басқа да құрылыс жұмыстарымен нөлдік цикл жұмыстарының міндетті құрылыс дайындығын көздейді. Аталған жұмыстар Дара сметалық бағаларда ескерілмеген.

1.4 Дара сметалық бағаларда келесі жұыстардың құрамы ескерілген:

- конструкцияларды объект маңындағы қоймада түсіру;
- конструкцияларды тиеу, автомобиль көлігімен жұмыстарды жүргізу аймағына 1 км дейінгі қашықтыққа тасымалдау, түсіру;
- конструкцияларды сұрыптау, ластанудан тазалау, бүлінген қоршауды қалпына келтіре отырып, тасымалдау кезінде деформацияланған және зақымданған конструкцияларды түзету;
- стендтерді, стеллаждарды және шпалды торларды орнатумен және бөлшектеумен монтаждық элементтерге жөнелту маркаларын ірілендіріп құрастыру; монтаждау аймағына беру, монтаждау кезінде қаттылықты қамтамасыз ету; жұмыстарды жүргізу жобаларымен және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қағидалармен көзделген төсемдерді, баспалдақтарды, төсемелерді, бесікшелерді және басқа да құрылғыларды орнату және бөлшектеу; конструкцияны көтеру, орнату, бірлесіп тексеру;
- конструкцияларды ірілендіріп құрастыру және монтаждау кезінде монтаждау қосылыстарын (түйіспелерін, тораптарын) орындау және монтаждау тораптарын әрлеу бойынша ресурстардың шығысын ескермейтін 6106-0101-(0101÷0103) көзделген дара сметалық бағаларды қоспағанда, аралас жұмыстарға тапсыру, бұл жұмыстар осы Бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша қосымша айқындалуы тиіс.
- қосалқы материалдар мен құрылғыларды тиеу, тасымалдау, түсіру.
- дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу аймақтарында металды қыздыру, қысқы уақытта жұмыстарды жүргізу кезіндегі Дара сметалық бағаларда ескерілген;

1.5 Бөлімнің Дара сметалық бағалары мыналарды ескермейді:

- тікұшақтардың көмегімен конструкцияларды монтаждау. Машиналарды пайдалану бойынша қымбаттау тапсырыс берушімен келісілген құрылысты ұйымдастыру жобасының негізінде, тікұшақтарды пайдалануға арналған шығындар мен Дара сметалық бағаларда көзделген машиналарды пайдалану уақыты негізінде жергілікті ресурстық сметада айқындалған машиналарды пайдалануға арналған шығындар арасындағы айырма ретінде айқындалады. Көрсетілген шығындар белгіленген тәртіппен қосымша есепке алынады және өзге шығындарға жатады;
- жүк-жолаушы көтергіштерінің құрылғысы және оларды пайдалану;
- конструкцияларды–ірілендіріп құрастыру және монтаждау процесінде бұзылған қоршауды және лак-бояу қорғаныш жабындарын қалпына келтіру, сондай-ақ конструкциялардың коррозияға қарсы қорғаныс қабатын қалпына келтіру. Аталған

жұмыстар «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

1.6 Дара сметалық бағалар жұмыс сызбаларында болаттың түрі мен қалыңдығына, сондай-ақ 6.1 және 6.2-кестелерге сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік дәрежесін есепке алу қағидаларына сәйкес мақсаты бойынша сенімділік коэффициентін есепке ала отырып жобаланған конструкцияларға байланысты ағымдылық шегі бойынша сараланған жоғары есептік кедергісі бар болат маркаларынан жасалған конструкцияларды қолдану кезінде түзетілуге жатады.

6.1-кесте-Жоғары есептік кедергісі бар болат маркаларының жұмыс сызбаларында қолданылуын ескеретін коэффициенттер

Илектің түрі мен қалыңдығына байланысты ағымдылық шегі, МПа (кгс / мм2)	Болат маркасы	Ғимараттардың қаңқалары	Бағаналар, салмағы, т		Фермалар, салмағы, т		Арқалықтар (салмағына қарамастан)	Өзге де конструкциялық элементтер	Құрылыстар
			8-ге дейін	8-ден астам	3-ке дейін	3-тен астам			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1 265 – 285 (27 – 29)	С275, С285	1,04	1,03	1,06	1,03	1,06	1,08	1,05	1,05
2 265 – 345 (27 – 35)	С345, С345К, С345Т1	1,09	1,08	1,11	1,08	1,11	1,13	1,10	1,10
3 335 – 375 (34 – 38)	С375	1,11	1,10	1,13	1,10	1,13	1,15	1,12	1,12
4 390 (40)	С390, С390К	1,14	1,13	1,16	1,13	1,16	1,18	1,15	1,15
5 410 (42)	С440	1,28	1,26	1,30	1,26	1,30	1,32	1,29	1,29
6 440 (45)	С440	1,31	1,29	1,33	1,29	1,33	1,35	1,32	1,32
7 590 (60)	С590, С590К	1,37	1,35	1,39	1,35	1,39	1,41	1,38	1,38

Ескертпелер

1 Болаттың бірнеше маркаларын қолданған кезде коэффициенттер олардың конструкция салмағындағы үлесіне қолданылады.

2 Болаттың маркаларын ауыстыру жобалау ұйымымен келісіледі, өйткені металлдау немесе 700°С жоғары температура кезінде пластикалық деформациялар жасау кезінде ұшырайтын конструкциялар үшін термотұрақты (илемді қыздыру) фасонды илекті қолдануға жол берілмейді.

6.2-кесте-Мақсаты бойынша сенімділік коэффициенттерін ескере отырып жобаланған конструкциялардың жұмыс сызбаларында қолданылуын ескеретін коэффициенттер

Мақсаты бойынша сенімділік коэффициенттері	1,0	0,95	0,9
Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер	1,0	0,97	0,94

1.7 6106-0101-(0101÷0103) дара сметалық бағалар қаңқалар құрылымының тұтас металл және аралас (қаттылықтың темірбетон ядроларымен және аражабындар мен жабындар төсемдерімен) көп қабатты азаматтық ғимараттарды, сондай-ақ көтергіш темірбетон бағаналар мен ригельдерді ішінар қолдану кезінде монтаждауды көздейді.

1.8 6106-0101-(0101÷0103) 6106-0102-(0102÷0104) дара сметалық бағалар мынадай конструкцияларды монтаждау ескерілмейді: баспалдақтар, аспалы төбелер, қоршау конструкциялары, соның ішінде фахверк, терезелер, есіктер, қақпалар, барлық типтегі шамдар, кіріктірілген конструкциялар. Аталған конструкцияларды монтаждауды конструкциялық элементтерге тиісті дара сметалық бағалар бойынша айқындаған жөн.

6106-0101-(0101÷0103) нормалары ғимараттардың металл қаңқаларының монтаждық қосылыстарының тораптарында жоғары беріктігі бар болттарды қолдану жағдайында пайдаланылмайды, бұл жағдайда элементтік сметалық нормалардың техникалық бөлігінің 1.10-тармағына сәйкес элементтік сметалық нормаларды қолдану қажет.

1.9 6106-0102-(0102÷0104), 6106-0203-(0101÷0102) дара сметалық бағалар жобалық шешімдерге қарамастан арнайы мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардың болат конструкцияларын монтаждауды көздейді.

1.10 6106-0301-(0101÷0204), 6106-0302-(0101÷0402), 6106-0304-0101, 6106-0306-(0101÷0103, 0201, 0301÷0302), 6106-0401-(0201÷0202), 6106-0602-(0101÷0107) дара сметалық бағалар жобалық шешімдерге қарамастан, құрамдастырылған қаңқалары бар ғимараттар мен құрылыстардың жекелеген құрылымдық элементтерін монтаждауды көздейді. Көрсетілген конструкцияларды темірбетон немесе тас тіректер бойынша монтаждау кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

1.11 6106-0302 - (0101÷0113), 6106-0304-0101-дара сметалық бағалар құрылымдық элементтерді 25 м биіктікте монтаждауды көздейді. 25 м астам биіктікте дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-бөлімінің 3.3-тармағында келтірілген коэффициенттер қолданылады.

1.11 6106-0306-(0201, 0301, 0302) дара сметалық бағалар 4 м дейінгі биіктікте аспалы төбелерді орнатуды ескереді. Биіктігі өзгерген кезде ішкі құрылыс сатыларының құрылғысы «Кірпіш пен блоктан жасалған конструкциялардың құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстары» деген 8-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қабылдансын.

1.12 6106-0306-(0401, 0402, 0501) дара сметалық бағалар 1.444.2-3 үлгілік сериясы бойынша ПСШ-5 және ПСА-5 типті болат немесе алюминий едендерінің конструкцияларын монтаждауды көздейді.

1.13 6106-0401-(0201÷0202) дара сметалық бағалар ғимарат жабынының ауданы мен конфигурациясына қарамастан шатыр жабынының металл конструкцияларын монтаждауды көздейді. 6106-0401-(0201÷0202) дара сметалық бағаларда табақ болаттан жасалған жабынды жиегінің бөлшектері ескерілмеген.

Дара сметалық бағалар тазалау, тегістеу және бояу шығындарын ескермейді. Аталған жұмыстарды «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша қосымша айқындау қажет.

1.14 Жобалау құжаттамасында көзделген конструкцияларды бөлшектеу (демонтаж) бойынша жұмыстар Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.3-тармағында келтірілген коэффициенттерді қолдана отырып, монтаждауға тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

1.15 Боялған немесе пакеттерде боялмаған металл конструкцияларды жеткізу кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.4-тармағында келтірілген коэффициент қолданылады.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Құрылыс металл конструкцияларын монтаждау бойынша жұмыс көлемі келесі талаптарды ескере отырып анықталады:

Жеке жобалар (КМ сызбалары) бойынша дайындалатын болат конструкциялардың массасы есептерде КМ сызбалары металының ерекшелігінің техникалық бөлігінде келтірілген металл илектеу массасы бойынша дәнекерленген жіктердің салмағына 1% және КМД сызбаларын әзірлеу кезінде массаны нақтылау қорытындысына 3% қосу арқылы қабылданады.

2.2 Ғимараттардың қаңқаларын монтаждау бойынша жұмыстардың көлемін есептеу кезінде 6106-0101-(0101÷0103), 6106-0102-(0101÷0104) дара сметалық бағалар) келесі конструкцияларды қосу керек: тірек тақталары, бағандар, қоршаулары бар кран арқалықтары, итарқаасты, итарқа,
кран асты фермалар, арқалықтар, бағандар мен барлық типтегі фермалар арқылы байланыс.

3 Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

6.3-кесте Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалар	Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер		
			еңбек шығындарының құнына	машиналарды пайдалану құнына	материалдардың құнына
1	2	3	4	5	6
3.1	Темірбетон және тас тіректер бойынша құрылымдық элементтерді монтаждау	6106-0301-(0101÷0104, 0201÷0204), 6106-0302-(0101÷0113, 0201÷0204, 0301÷0304, 0401, 0402), 6106-0304-0101, 6106-0306-(0101÷0103, 0201, 0301, 0302), 6106-0401-(0201÷0202), 6106-0602-(0101÷0107)	1,1	–	–
3.2	Биіктігі 25 м-ден 50 м-ге дейінгі ғимараттардың конструкцияларын монтаждау	6106-0302-(0101÷0113), 6106-0304-0101	1,05	1,6	–
3.3	Металл конструкцияларды бөлшектеу (демонтаж)		0,6	0,7	0,5
3.4	Зауытта боялған немесе боялмаған, пакеттерде жеткізілетін конструкцияларды монтаждау		1,03	–	–

7-бөлім Ағаш, гипсокартон, поливинилхлорид және алюминий конструкциялар

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 7-бөлімде тұрғын үй-азаматтық құрылыста ағаш, гипсокартон, поливинихлорид және алюминий конструкциялардың құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстарын орындауға арналған дара сметалық бағалар қамтылған.

1.2 Бөлім үш кіші бөлімнен тұрады:

- Ағаш конструкциялар;
- Гипсокартон конструкциялар;
- Пполивинилхлорид және алюминий конструкциялар;

1.3 6107-01-кіші бөлімде келтірілген дара сметалық бағалар зауыт өндірісінің бұйымдарын қолданумен және ішінара құрылыс алаңында жеке элементтерді дайындаумен орындалатын ағаш конструкциялар бойынша жұмыстарды айқындауға арналған.

1.4 Дара сметалық бағаларда жұмсақ тұқымды ағаш материалдарын (қарағай, шырша, майқарағай және т.б.) қолдану арқылы жұмыстарды орындау көзделген. Басқа тұқымдардың ағаш материалдарын еңбек шығындарының құнына (6107-0102-топтан басқа) қолданған кезде келесі коэффициенттерді қолдану қажет:

- емен, шамшат, қызылқайың, шетен үшін - 1,2;
- балқарағай, қайың үшін. – 1,1.

Балқарағай қабырғаларын кесу кезінде 6107-0102-топтың дара сметалық бағасына 1,15 коэффициенті қолданылуы керек.

1.5 Дара сметалық нормаларда тізбесі «жұмыс құрамында» келтірілген негізгі, сондай-ақ қосалқы (инвентарлық емес соққыштар, үлгі-қалыптар және т. б.) және ілеспе жұмыстардың толық кешенін орындау ескерілген, оның ішінде:

- материалдар мен бұйымдарды объект жанындағы қоймадан қалау орнына тасымалдау;
- ағаш конструкцияларды қалыпты ылғалды ортасы бар ғимараттар мен құрылыстарда орнату кезінде шіруден қорғау.

Жобада көзделген жағдайларда ағаш конструкцияларды шіруден (градирнялардың ағаш конструкцияларынан басқа) қосымша қорғауды 6107-0115-топтың дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.6 6107-02*топтың дара сметалық бағалары жұмыстардың 4 м биіктікте орындалуын ескереді.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Цокольдің тік кескінінің ауданын сыртқы қабырғалар периметрінің (ғимараттардың жапсарлас салынған бөліктерін шегергенде) жоспарланған белгіден ағызу тақтасының жоғарғы жағына дейін өлшенген цокольдің биіктігіне көбейтіндісі ретінде анықтау керек.

2.2 Сыртқы қабырғалардың периметрін ғимараттың сыртқы өлшемдері бойынша, ішкі (кесілгендерден басқа) сыртқы қабырғалардың ішкі қырлары арасындағы өлшемдер бойынша, кесілген ішкі – сыртқы қабырғалардың сыртқы қырлары арасындағы өлшемдер бойынша, арақабырғалар – олардың ұзындығы бойынша анықтау керек.

2.3 Қабырғалар мен аралықтардың биіктігін жоба бойынша қабылдау керек:

- кесілген және қаңқалы қабырғалар-төменгі тәжінің (бекіткіштің) төменгі тәжі мен жоғарғы тәжінің (бекіткіштің) жоғарғы беті арасында шөгіндіге қоспай;
- зауыттан шығарылған қалқандардың қабырғалары-жертөле бекіткішінің төменгі қырынан шатыр арқалығының жоғарғы жағына дейін;
- бөлімдер-таза еден белгісінен олардың жоғарғы жағына дейін.

2.4 Қабырғалар мен арақабырғалардың ауданын (қалқанды және панельді алаңдардан басқа) ойықтарды шегере отырып, анықтау керек.

2.5 Есік, қақпа және терезе ойықтарының ауданын қораптардың сыртқы өлшемдері бойынша, ал қораптары жоқ немесе қабырға конструкцияларына металл бекітпесі бар қақпалардың ауданын кенептердің өлшемдері бойынша анықтау керек.

2.6 Қабатаралық және шатырлық жабындардың ауданын күрделі қабырғалар шегінде пештер мен құбырлар алып жатқан ауданды алып тастамай анықтау керек.

2.7 Эстакадалар кезіндегі моторлы күркелердің құрылыс салу алаңын цокольдің сыртқы өлшемдері бойынша анықтау керек.

2.8 Ағаш қоршаулардың ауданын олардың ұзындығы (тіректерді шегермей) және панельдердің биіктігі бойынша анықтау керек.

2.9 Итарқа, қаңқа және эстакадалардың құрылғысы бойынша жұмыстардың көлемін жобада келтірілген сүректің ерекшеліктері бойынша қабылдау керек.

2.10 Баспалдақтардың ауданын басқыштар мен алаңдардың көлденең кескінінің жиынтық ауданы бойынша анықтау керек.

2.11 Ауа кіретін терезелердің күнқағарын қаптау бойынша жұмыстардың көлемін жобалық деректерге сәйкес күнқағардың толық кеңейтілген ауданы бойынша анықтау қажет.

2.12 Арақабырғалардың, аспалы төбелердің құрылғысына, қабырғаларды, гипсокартон табақтар негізінде еңістерді қаптауға арналған 6107-0201-кіші бөлімнің дара сметалық бағаларында құрғақ қоспалармен бұрандалардан буындарды, жапсарлар мен ойықтарды бітеу, яғни кез келген әрлеуге жарамды бетті алу (бояу, түсқағаз жапсыру, декоративті сылақ, керамикалық тақташаамен қаптау) бойынша жұмыс ескерілген.

8-бөлім Ойықтар

1 Жалпы нұсқаулар

1.5 6116-0101-0101-дара сметалық бағада құрастырылып жеткізілетін қазандықтарды, ал 6116-0101-(0102÷0110) дара сметалық бағада – бөлшектеп жеткізілетін қазандықтарды орнату көзделген.

1.6 6116-0101-(0201÷0210) дара сметалық бағаларда сұйық және газ тәрізді отынды жағуға арналған жанарғы құрылғыларды орнату ескерілмеген. Бұл құрылғыларды орнату қосымша «Жылу-қуат жабдықтарын монтаждау жұмыстары» деген 6-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталады

1.7 Мынадай жылдамдықты су жылытқыштарды орнату дара сметалық бағалары былайша ұсынылған: 6116-0201-(0101÷0105) «Бір секциялы жылдамдықты су жылытқыштар» және 6116-0201 - (0201÷0205) «Жылдамдықты су жылытқыштар секциялары». Көп секциялы су жылытқыштарды орнату 6116-0201-(0101÷0105) және әрбір келесі секцияға 6116-0201-(0201÷0205) дара сметалық бағалардың жиынтығы ретінде айқындалады.

1.8 6116-0301-(0101, 0104) дара сметалық бағаларда шойын және биметалл секциялық радиаторларды орнатуға дайындау бойынша жұмыстар (топтау, қайта топтау, төсемдерді орнату немесе ауыстыру, баспалау) көзделмеген, өйткені бұл жұмыстар радиаторларды дайындау кезінде жүргізіледі және олардың құнында ескерілген.

1.9 Болат радиаторларға арналған дара сметалық баға (6116-0301-0102) бір, екі және үш қатарлы радиаторларды орнатуды қарастырады.

1.10 6116-0301-(0201÷0204) дара сметалық бағаларда бір қабырғалы құбырларды орнату көзделген. Оларды топтап орнату кезінде қосарлы шойынды иінерге арналған жұмыстар 6116-0301-0301-дара сметалық баға бойынша қабылданады.

1.11 6116-0301-(0401÷0408) дара сметалық бағаларда ұзындығы 6 м дейін бағандары бар жылыту тіркелімдерін орнату ескерілген.

Ұзындығы 6 м-ден асатын тіркелімдерді орнату кезінде олардың ресурстарының шығысы 6 м-ге дейінгі шекте 6116-0301-(0401÷0408) дара сметалық бағалар бойынша, ал 6 м-ден жоғары «Құбырлардың ішкі жүйелері» деген 14-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша құбырларды төсеу ретінде айқындалады.

Бағанасыз тегіс құбырлардан жасалған тіркелімдерді орнату да «Құбырлардың ішкі жүйелері» деген 14-бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша құбырларды төсеу ретінде анықталады.

1.13 6116-0401-(0101÷ 0119) дара сметалық бағаларда бақылау аспаптарына арналған штуцерлерді кесу ескерілмеген.

1.14 Конденсациялық бактардағы деңгей көрсеткіштерін орнату 6116-0401-(0201÷0209) дара сметалық бағаларда ескерілмеген және 6116-0701-0101 дара сметалық бағалар бойынша қосымша анықталады.

1.15 Сорғыларды орнатуға арналған 6116-0501-(0101÷0105) дара сметалық бағаларда электр қозғалтқыштарды тексеру, кептіру және электр желісіне қосу көзделмеген.

Бұл жұмыстарды анықтау кезінде «1-жинақ. Ғимараттар. 1-шығарылым. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» жинағының «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 24-бөлімінің ұсынымдарын басшылыққа алу керек.

1.16 Жылыту жүйелерінің құбырларын жуу және гидравликалық сынау «Құбырлардың ішкі жүйелері» деген 14-бөлімнің тиісті дара сметалық бағаларында көзделген.

1.17 Жылыту аспаптарын жылытудың біркелкілігін тексере отырып, жылыту жүйелерін жылумен сынау көрсетілген жүйелердің құрылғысына арналған сметаларда ескерілген машиналарды пайдалану уақыты мен еңбек шығындарының 3% мөлшерінде қабылданады.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Жылу жүйелерінің агрегаттарын, аспаптары мен құрылғыларын орнату бойынша жұмыстардың көлемі жобалық деректер бойынша анықталады.

2.2 Бағандары бар тіркелімдерді орнату бойынша жұмыстардың көлемін анықтау кезінде тетіктердің ұзындығын 6 м-ге дейін қабылдау керек.

2.3 Орнатылуы 6116-0101-(0101÷0110, 0201÷0210) дара сметалық бағаларда ескерілген жылыту қазандары жиынтығының құрамы 16.1-кестеде келтірілген.

16.1-кесте-Жылыту қазандары жиынтығының құрамы

Қазандар	От жағатын гарнитурамен қазандар	Ысырмалар, шұралар, кері клапандар және сақтандырғыштар, өтпелі және үш жүрісті крандар	Манометрлер, термометрлер, деңгей көрсеткіштері, түтік-сифон	Жалғағыш бөлшектер мен құбырлар, шиберлер	Кеңейткіш бактар	Бу жинағыштар
1	2	3	4	5	6	7
Секциялық шойын су жылытқыш, жылу өнімділігі, МВт (Гкал / сағ):						
0,06-ға дейін (0,05)	+	–	+	–	+	–
0,06-дан астам (0,05)	+	+	+	+	–	–
Секциялық шойын бу, жылу өнімділігі 0,06 МВт (0,05 Гкал/сағ) астам	+	+	+	+	–	+
Бу және су ысытатын болат ыстық құбырлы	+	+	+	–	–	–
Ескертпе-Жылу өнімділігі 0,06 МВт (0,05 Гкал/сағ) дейінгі секциялы су жылытатын шойын қазандар және бу және су жылытатын ыстықтай құбырлы болат қазандар жиналған күйінде жеткізіледі.						

17-бөлім Газбен жабдықтаудың ішкі жүйелері

1 Жалпы нұсқаулар

1.1. Бөлімнің дара сметалық бағалары қабырғалардың, аражабындардың және арақабырғалардың материалдарына қарамастан тұрғын, қоғамдық және коммуналдық-тұрмыстық ғимараттарда газбен жабдықтаудың ішкі жүйелерінің құрылғыы бойынша құрылыс жұмыстарына қолданылады.

1.2 Құрылғылардың тиісті түрлеріне арналған дара сметалық бағаларда бекіту үшін тесіктерді жинақтауды, бұрғылауды немесе тесуді және т. б. қоса алғанда, аспаптарды құбырларға жалғай отырып орнату бойынша негізгі және қосалқы жұмыстардың толық кешені көзделген.

1.3 Аспаптар мен құрылғылар жиынтығына кірмейтін жеткізу құбырларын төсеу және бекіту арматурасын орнату, сондай-ақ жанарғыларға арналған құбырлардан жасалған коллектор құрылғысын «Ішкі жылытудың жүйелері» деген 14-бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.4 Тұрмыстық газ аспаптарын орнатуға арналған (6117-0101-(0101÷0104, 02010÷2), 6117-0101-(0301÷0312), 6117-0301-0101, 6117-0301-(02010÷203), 6117-0301-(0301÷0305), 6117-0301-(0401÷0403)) дара сметалық бағаларда іске қосу-баптау жұмыстары ескерілмеген.

1.5 6117-0201-(0101÷0105) дара сметалық бағаларда көлемі 50 литрге дейінгі сұйытылған газға арналған баллондарды орнату көзделген.

1.6 БӨА қалқандарын орнатуды «1-жинақ, Ғимараттар. 1-шығарылым. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» жинағының «Әлсіз ток желілері» деген 25-бөлім бойынша анықтау керек.

1.12 15-бөлімді қолдану шарттарын ескеретін сметалық шығындар құнына коэффициенттер 1-кестеде келтірілген

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Газ аспаптарын, газ-жанарғы және басқа құрылғыларды орнату бойынша жұмыстардың көлемін жобалық деректер бойынша есептеу керек.

2.2 Газ құбырының ішкі желілерін сынау бойынша жұмыстардың көлемін үлгілемдік бөліктер мен арматураның ұзындығын шегермей, газ аспаптары рамасының ұзындығын ескере отырып, құбырдың жобалық ұзындығы бойынша есептеу керек.

3 Ресурстар шығысының элементтік сметалық бағаларына қолдпанылатын коэффициенттер

17.1-кесте - Ресурстар құнына қолданылатын коэффициенттер

Позиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалардың кодтары	Құнға қолданылатын коэффициенттер		Қосымша материалдар
			негізгі жұмысшылардың еңбек шығындары	машиналарды пайдалану уақыты	
1	2	3	4	5	6
3.1	2 жанарғымен	6117-0101-(0301÷0312)	1,1	1,1	1 тұтандырғышсыз жанарғы

17.1- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
3.2	3 жанарғымен		1,15	1,15	2 тұтандырғышсыз жанарғы
3.3	4 және 5 жанарғымен		1,2	1,2	тиісінше, 3 немесе 4 тұтандырғышсыз жанарғы
3.4	6 және одан да көп жанарғылармен		1,3	1,3	тиісінше, 5 жанарғы тұтандырғышсыз және одан да көп

18-бөлім Вентиляциялаудың және кондицинерлеудің ішкі жүйелері

1.1 «Ішкі желдету және ауа баптау жүйелері» деген 18-бөлімнің дара сметалық бағалары қабырғалардың, аражабындар мен арақабырғалардың материалына қарамастан тұрғын, қоғамдық, және қосалқы ғимараттардағы ішкі желдету және ауа баптау жүйелерінің құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстарына қолданылады.

1.2 Дара сметалық бағаларда такелаждық құрылғыларды жинақтауды, орнатуды және алуды, бекіткіштерге арналған тесіктерді бұрғылауды, резеңке төсемдер жасауды және т. Б. Қоса алғанда, жүйелердің тиісті элементтерін төсеу, орнату және қосу бойынша негізгі және қосалқы жұмыстардың толық кешені көзделген.

1.3 Ауа өткізгіштерді төсеу қабырғаларда, арақабырғаларда және аражабындарда дайын тесіктер болған кезде көзделеді. Ауа өткізгіштерді үңгілегеннен кейін тесіктерді бітеу Бөлімнің дара сметалық бағаларында ескерілмеген.

1.4. Техникалық шарттарда көзделген ауа өткізгіштерді және желдеткіш бұйымдарды бастапқы бояуды немесе тегістеуді дайындаушы зауыт орындайды.

1.5 Келте құбырларда дроссель-клапандарды, шиберлерді, жақтаулардағы торларды, питометражды люктердің бітеуіштерін, қапсырмалар мен бекітпелерді орнату ауа өткізгіштерді төсеудің дара сметалық бағаларында ескерілген. Көрсетілген бұйымдардың саны, түрлері мен өлшемдері жобалық деректер бойынша алынады.

1.6 Тік бұрышты және дөңгелек қималы ауа өткізгіштерді (шиналарда) қапсырмалармен қосу кезінде 6118-0101-(0101÷0119), 6118-0101-(0201÷0223), 6118-0101-(0301÷0321), 6118-0101-(0401÷0421), 6118-0101-(0501÷0519), 6118-0101-(0601÷0623) дара сметалық бағаларда жоба бойынша қапсырмаларды қосумен бұрандамаларды алып тастау керек.

1.7 6118-0203-(0801÷0809), 6118-0203-(0901÷0909) дара сметалық бағаларда бірдейлендірілген, ауа жапқыштарын, КВР типті клапандарды және ұқсас конструкцияларды орнату көзделген.

1.8 6118-0203-(1001÷1004) дара сметалық бағаларда КВУ типті клапандар мен ұқсас конструкцияларды орнату көзделген.

1.9 Дефлекторларды орнатуға арналған 6118-0208-(0101÷0108) дара сметалық бағаларда талрептері бар тартқыштарды орнату ескерілді. Тартқыштар мен талрептердің санын жобалық деректер бойынша қабылдау қажет.

1.10 6118-0301-(0101÷0110), 6118-0301-(0201÷0206), 6118-0301-(0301÷0304) дара сметалық бағалар олар жасалған материалға (көміртекті болат, тоттануға төзімді немесе алюминий) қарамастан радиалды, осьтік және шатырлы желдеткіштерге қатысты болады.

1.11 Радиалды, осьтік, шатырлы желдеткіштерді орнатуға арналған 6118-0301-(0101÷0110), 6118-0301-(0201÷0206), 6118-0301-(0301÷0304) дара сметалық бағаларда тексеру, кептіру және электр қозғалтқыштарын желіге қосу ескерілмеген. Бұл жұмыстар «Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйелері» деген 19-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек

1.12 Діріл оқшаулағыштарын орнату 6118-0301-(0101÷0110), 6118-0301-(0201÷0206), 6118-0301-(0301÷0304) дара сметалық бағаларда ескерілмеген. Иілгіш ендірмелерді орнату жұмыстары 6118-0208-(0501÷0508) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.

1.13 6118-0301-(0101÷0110) дара сметалық бағаларда иілгіш ендірмелерді орнату ескерілмеген. Иілгіш ендірмелерді орнату жұмыстары 6118-0208-0301 дара сметалық бағасы бойынша анықталуы керек.

1.14 Бөлім дара сметалық бағаларында астық қоймаларындағы, астық өңдеу кәсіпорындарындағы және басқа да өндірістердегі аспирация және пневмокөлік жүйелерінде орнатылатын желдеткіштерді, сору сүзгілерін, батарея циклондарын, шлюз бекітпелерін, түсіргіштерді және басқа да құрылғыларды орнату ескерілмеген. Олар

Монтаждау жұмыстарына арналған элементтік сметалық бағалар шығарылымы Бөлімдерінің тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталады.

1.15 6118-0504 – (0201÷0208) дара сметалық бағаларда ауа клапандарын орнату ескерілмеген. Көрсетілген жұмыстар 6118-0203-(0501÷0504), 6118-0203-(0601÷0604), 6118-0203-(0701÷0705) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы тиіс.

1.16 Шаң тұтқыш агрегаттарды, сүзгілерді, скрубберлер мен циклондарды орнату еденнен 1 м дейінгі биіктікте; ауа өткізгіштерді төсеу және ауа тарату құрылғыларын, желдеткіштерді, калориферлерді және ауа жылыту агрегаттарын 3 м дейінгі биіктікте орнату көзделген. Үлкен биіктіктегі төсеніштерден, құрылыс сатыларынан және баспалдақтардан жұмыс істеу кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

1.16 Құрылыс сатыларынан немесе тұтас төсемнен жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес құрылғыны «Тас конструкциялар» деген 5-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықтау қажет.

1.17 Желдету және ауаны баптау жүйелерінің жеке сынақтары көрсетілген жүйелердің құрылғысына арналған жергілікті ресурстық сметаларда ескерілген, жұмысшылардың еңбек шығындары мен машиналарды пайдалану уақытының 5% мөлшерінде қабылданады.

1.18 6118-0505-(0101÷0102) дара сметалық бағаларда ауа баптағыштарды, сплит-жүйелерді жеке сынауға арналған шығындар ескерілді.

6118-0505-01, 6118-0506-01-кестелердің дара сметалық бағаларында коммуникациялық трассалардың әрбір түрін (мыс түтіктер, қоректендіру кабелі, дренаж) 10 м дейін төсеуге арналған шығындар ескерілді.

1.19 6118-0101-07, 6118-0101-08 кестелердің дара сметалық бағаларында ауа өткізгіштерді төсеу бойынша 100 метрге 17 жалғаным ескерілді.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Ауа өткізгіштерді төсеу бойынша жұмыстардың көлемі ауа өткізгіштердің (түзу учаскелер мен фасондық бөліктер) бетінің м^2-мен есептеледі.

2.2 Ауа өткізгіштердің ұзындығы осьтік сызықтардың қиылысу нүктелері арасында өлшенеді.

Ресурстар шығысының дара сметалық бағаларына қолданылатын коэффициенттер

18.1-кесте – Ресурстар шығысының дара сметалық бағаларына қолданылатын коэффициенттер

Позиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық баға	Негізгі жұмысшылардың еңбек шығындары құнына қолданылатын коэффициенттер
1	2	3	4
	Еденнен биіктікте ауа өткізгіштерді төсеу, м:		
3.1	3-тен жоғары 5-ке дейін	6118-0101-(0101÷0119, (0201÷0223), 6118-0101-(0301-÷0321), 6118-0101-(0401-÷0421), 6118-0101-(0501÷0519, 0601÷0623)	1,06
3.2	5-тен жоғары 8-ге дейін		1,16
3.3	8-ден жоғары 10-ға дейін		1,22
3.4	10-нан жоғары		1,32
	Еденнен биіктікте ауа жылыту агрегаттарын және калориферлерді орнату, м:		
3.5	3-тен жоғары 5-ке дейін	6118-0401-(0101÷0103), 6118-0402-(0101÷0106)	1,04
3.6	5-тен жоғары 8-ге дейін		1,11
3.7	8-ден жоғары 10-ға дейін		1,16
3.8	10-нан жоғары		1,22
	Еденнен биіктікте радиалды желдеткіштерді орнату, м:		
3.9	3-тен жоғары 6-ға дейін	6118-0301-(0101÷0110)	1,16
3.10	6-дан жоғары 8-ге дейін		1,23
3.11	8-ден жоғары		1,32
	Еденнен биіктікте осьтік желдеткіштерді орнату, м:		
3.12	3-тен жоғары 6-ға дейін	6118-0302-(0201÷0206)	1,2
3.13	6-дан жоғары 8-ге дейін		1,28
3.14	8-ден жоғары		1,41

19-бөлім Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйелері

1 Жалпы нұсқаулар

1.1. Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары ағаштан басқа барлық тұрғын және қоғамдық ғимараттардың ішкі электрмен жарықтандыру жүйелерінің құрылғысы бойынша жұмыстарға қолданылады.

1.3 Дара сметалық бағаларда «Электр қондырғыларын орнату қағидалары» (ЭҚҚ), ҚНжЕ және тиісті техникалық шарттар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес электр монтаждау жұмыстарының толық кешенін орындауға арналған шығындар, оның ішінде мыналарға арналған шығындар ескерілді:

- материалдарды объект маңындағы қоймалау аумағын қоса алғанда, монтаждалатын ғимарат шегінде материалдар мен жабдықтарды өткізу;
- монтаждау кезінде құрылғылардың орнын ауыстыру;
- болат және полимер құбырларды дайындау және өңдеу;
-сызбаларды әзірлеу кезінде есепке алынбайтын және оларды дайындау технологиясының шарттары бойынша құрылыс конструкцияларында көзделмеген диаметрі 30 мм кем тесіктерді (қабырғалардағы, арақабырғалар мен аражабындардағы тесіктер әртүрлі тірек-ұстап тұратын конструкциялардың дюбельдерін, түйреуіштері мен қадаларын орнату үшін ғана) тесу.

1.3 Сымдар мен кабельдерді төсеу, ажыратқыштар мен штепсельді розеткаларды орнату бас мердігерлік ұйым орындаған іргетастарда, қабырғаларда, арақабырғаларда, аражабындарда және жабындарда дайын тауашалар, атыздар, өтпе тесіктер мен ұяшықтар болған кезде көзделген.

1.4 Болат металл емес құбырларда, металл жеңдерде және қораптарда немесе науаларда көп талшықты сымдарды төсеу кезінде сымдардың қималары барлық талшықтар қимасының қосындысы бойынша қабылданады.

1.5 Дара бағалаумен ескерілмеген материалдық ресурстардың қалдық нормалары 19А қосымшасында келтірілген.

1.6 «Театр-ойын-сауық кәсіпорындарының қондырғыларын монтаждау» деген 6119-0604 -топтың дара сметалық бағалары жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды жобалық белгілерге дейін тігінен өткізуге арналған шығындарды ескереді.

1.7 6119-0604-09 -кестенің шығындарына әрбір қосымша торап үшін үштен астам беріліс роликтерінің тораптары бар трос жүйесін монтаждау кезінде 1,3 коэффициентін қолдану керек.

1.8 Электрондық қараңғылағышты (6119-0604-0403) орнату кезінде 1,2 коэффициентін қолдану қажет.

1.9 «Театр-ойын-сауық кәсіпорындарының қондырғыларын монтаждау» деген 6119-0604-топтың дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстар ескерілмеген:

- шыныны қоса алғанда, жарықтандыру арматурасы;
- барлық түрдегі және қуаттағы электр шамдары;
- болат арқан (трос);
- клеммалы қораптары;
- штепсельдік қораптар және оларға арналған шағын люктер;
- жарықтандыру арматурасына арналған тіркемелер мен құрылғылар;
- барлық маркалар мен қималардың сымдары;
- прожекторлар;
- сахналық реттегіштерге тростық жүйеге арналған тростық роликтер;
- жарық сүзгілері, торлар және жақтаулар;

- құрама шиналар.

19А қосымшасы
(міндетті)

Жабдықты монтаждауға арналған дара сметалық бағаларында ескерілмеген материалдық ресурстардың қалдық нормалары

19А.1 кестесі

Материалдық ресурстар	Қалдық нормасы, %
1	2
Люминесцентті арматура	1
Пластмасса жарықтандыру арматурасы	1
Фарфор және шыны жарықтандыру арматурасы	3
Барлық түрдегі, мақсаттағы және қуаттағы электр шамдары	2

20-бөлім Көтеру-көлік жабдығы

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Бөлім жаңа кәсіпорындарды салу, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту, қайта жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру кезінде көтеру-көлік жабдығын монтаждау бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

1.2 Бағаларда монтаждау жұмыстарының толық кешенін орындау ескерілді, соның ішінде:

- жабдықты объект маңындағы қоймадан орнату орнына дейін 1000 м дейінгі қашықтыққа көлденең өткізу;
- жабдықты жобалық белгілерге дейін қашықтыққа тік өткізу;
- бос және жүктеме кезінде сынау
- шахта және шұңқыр жабдықтарын монтаждау;
- машиналық бөлме жабдықтарын монтаждау;
- кабина мен қарсы салмақты монтаждау және арқандарға ілу;
- машиналық бөлмеде, шахтада және кабинада күштік электр сымдарын, басқару, іске қосу, сигнал беру тізбектерінің электр сымдарын төсеу;
- электр аппаратурасын қосуға дайындау және оны орнату;
- шахтаны тұрақты жарықтандыру құрылғысы;
- жабдықты жеткізу көлемінде сөйлесу байланысының құрылғысы;
- жабдықтың механикалық бөлігін реттеу (іске қосу-баптау) жұмыстары;
- лифттерді пайдалануға тапсыруға қатысу.
- статикалық және динамикалық сынақтар.

Бөлімнің дара сметалық бағаларында жобаның талаптарына сәйкес стационарлық төсенімдердің құрылғысына және оларды бөлшектеуге арналған шығындар ескерілген.

1.3 Лифттерді монтаждауға арналған сметалық бағаларда мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- «Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйесі» деген 19-бөлімінің тиісті дара бағалары бойынша айқындалатын машина бөлмесіндегі енгізу құрылғысына электр қоректендіруді жеткізу және машина және блок бөлмелерінде тұрақты жарық беру құрылғысы;
- «Көтергіш-көлік жабдығы» деген 25-бөлімнің тиісті дара бағалары бойынша айқындалатын телефон-диспетчерлік байланыс құрылғысы;
- Электр техникалық құрылғылар бойынша іске қосу-жөндеу жұмыстарының жинағы бойынша айқындалатын лифттердің электр техникалық құрылғыларына қатысты іске қосу-жөндеу жұмыстары.

1.4 Лифттерді монтаждауға арналған дара сметалық бағалар биіктігі 2,4 м дейінгі кабинамен және шахтаның үстіндегі машиналық үй-жайдың (жүк аяқжолынан басқа) орналасуымен есептелген.

Шахтаның биіктігі шұңқырдың түбінен шахтаның үстіндегі төбеге дейін есептелді. Лифтіге сипаттамада көзделгенге қарсы шахтаның биіктігі көп немесе аз болған кезде аялдамалар санына қарамастан «шахта биіктігінің әрбір метрі үшін», яғни лифтіні монтаждауға арналған сметалық құнда көзделген шахтаның нақты және есептік биіктігі арасындағы метр айырмасы үшін дара сметалық бағаларды қосу немесе азайту қажет.

1.5 Осы Бөлімде көзделгеннен ауытқуы бар лифттерді монтаждауға арналған дара сметалық бағалар тиісті баға құнына мынадай коэффициенттерді қолдана отырып айқындалады:

- топтық (жұптық) басқарылатын лифттерді монтаждау кезінде әр лифтке, топта - 1,13;
- жүк-жолаушы лифттерін және төменгі машиналық бөлмесі бар лифттерді монтаждау кезінде - 1,08;
- кіріктіре орнатылған монорельспен жүк лифттері кабинасының биіктігі 2,7-ден 3,7 м-ге дейін болғанда - 1,25;
- сейсмикаға төзімді орындаудағы лифттерді монтаждау кезінде - 1,15;

21-бөлім Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Бөлімде сыртқы су құбыры желілерінің құрылысы бойынша жұмыстарды орындауға арналған дара сметалық бағалар бар.

1.2 Бөлімнің дара сметалық бағалары 2,5 МПа (25 атм) дейінгі қысымда сыртқы сумен жабдықтау желілеріне арналған шығындарды, сондай-ақ басқа мақсаттағы ұқсас құбырларға арналған шығындардың құнын анықтауға арналған.

1.3 Құрылысын ұйымдастыру газ-мұнай өнімдерінің магистральдық құбырларын төсеу кезінде қолданылатын әдістермен жобаланған болат құбырларды төсеуге арналған дара сметалық бағаларды «Магистральдық құбырлар» деген 3-бөлімнің «Желілік құрылыстар» деген 1-шығарылымының бағалары бойынша анықтау керек.

1.4 Дара сметалық бағаларда «Жұмыстардың құрамында» көрсетілген негізгі жұмыстардың, сондай-ақ қосалқы, ілеспе және негізгіге байланысты (материалдарды жеткізу және түсіру, құбырлардың ішкі беттерін ластанудан тазарту, құбырларды түсіру кезінде бекітпелерді ауыстыру, жұмыс аймағының шегінде жұмысшылардың жүруі, еңістерді тексеру және т.б.) жұмыстардың кешенін орындау ескерілген.

Жер жұмыстарына, сондай-ақ су төгуге (суды төмендетуге) арналған шығындардың құнын «Жер жұмыстары» деген 1-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша айқындау керек.

Құбырлардың астына жасанды негіздердің құрылғысына арналған шығындардың құнын «Кәріздің сыртқы желілері» деген 22-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша айқындау керек.

1.5 Құрама және монолитті темірбетоннан жасалған тұрақты тіреуіштердің құрылғысына арналған құн құбырларды төсеуге арналған 6121-0101-(0101÷0108), 6121-0102-(0101÷0207), 6121-0104-(0101÷0109), 6121-0105-(0101÷0118) дара сметалық бағаларда ескерілмеген. Бұл жұмыстар «Монолитті бетон және темірбетон конструкциялар» деген 3-бөлімнің және «Құрама бетон және темірбетон конструкциялар» деген 4-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша қосымша айқындалуы тиіс. Жұмыстардың көлемі жоба деректері негізінде қабылданады. Тіреулер саны туралы деректер болмаған жағдайда олардың құрылғысын 3121-0901-(0201÷0215) дара сметалық бағалар бойынша қабылдау керек.

1.6 Дара сметалық бағаларда жұмыстардың жүргізудің орташаланған шарттары ескерілген. Құбырлардың ұзындығына, орлардың тереңдігі мен жағдайына байланысты өзгерістер немесе түзетулер дара сметалық бағаға енгізілмейді.

1.7 Қолданыстағы жер асты коммуникацияларын олардың құбыр трассасымен қиылысқан жерінде ілуді 6121-0901-(0101÷0104) дара сметалық бағалар бойынша айқындаған жөн.

Әртүрлі төсемдердің, басқыштардың, орлар арқылы өтетін көпірлердің құрылысы, орлардың, ағаштардың және құдықтардың люктерінің қоршауы үстеме шығыстар есебінен өтеледі.

1.8 Дара сметалық бағаларда құбырлар мен арматуралардың диаметрлері шартты өту жолымен келтірілген. Жобада диаметрі келтірілгендерден ерекшеленетін құбырлар немесе арматура көзделген жағдайларда жақын диаметрдегі құбырлар немесе арматуралар үшін құнды қолдану керек.

1.9 Тіректер мен эстакадаларға өұбырларды төсеу 6121-0101-(0101÷0108), 6121-0102-(0101÷0207), 6121-0103-(0101÷0222), 6121-0104-(0101÷0109), 6125-0105-(0101÷0102; 0117÷0118) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек. Бұл ретте 4 м-ден астам биіктікте төселетін құбырлар үшін қажет болған жағдайда оларды оқшаулау жұмыстары

үшін де пайдалануды ескере отырып, құрылыс сатыларының құрылғысын қосымша ескеру, ал 5 м-ден астам биіктікте Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді ескеру қажет.

1.10 Пневматикалық сынаумен құбырларды төсеу дара сметалық бағаларын қолдануға жобада айтылған жағдайларда ғана жол беріледі.

1.11 Болат құбырларды тоттануға қарсы оқшаулау дара сметалық бағаларында үлгілемдік бөліктерді оқшаулау ескерілген.

1.12 Жобада зауыттық оқшаулаумен болат құбырларды жеткізу көзделген жағдайда түйіспелер мен фасондық бөлшектердің тоттануға қарсы оқшаулауын 6121-0202-(0101÷0118, 0119÷0136, 0137÷0154), 6121-0201-(0839÷0867), 6121-0202-(0420÷0438) дара сметалық бағалар бойынша айқындау керек.

1.13 Темірбетон құбырларды битумдық оқшаулауға арналған шығындар «Сыртқы кәріз желілері» деген 22-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек.

1.14 6121-0402-(0101÷0115, 0201÷0210) дара сметалық бағаларда ернемекті үлгілемдік бөліктерде арматураның қосылуы ескерілген. Құбырға арматураны орнату кезінде кері ернемектерді дәнекерлеу 6121-0403-(0101÷0117) дара сметалық бағалар бойынша ескерілуі керек.

1.15 6121-0701-(0101÷0102, 0201÷0204, 0301÷0304) дара сметалық бағалар үлгілік жобалар бойынша құдықтардың, сондай-ақ бір құдыққа немесе камераға 35 м^3 дейін құрылыс конструкцияларының жалпы көлемімен жеке жобалаудың ұқсас конструкциядағы құдықтар құрылғысын анықтауға арналған. Құрылыс конструкцияларының жалпы көлемі 35 м^3-ден асатын құдықтардың немесе камералардың құрылысын тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.16 Құдықтарға арналған құнда А-1 (А240) сыныпты болатқа келтірілген арматура қабылданған.

1.17 Шөгетін топырақтағы құдықтардың құрылысын ылғалды топырақтардағы ұқсас құдықтардың құрылысына арналған дара сметалық бағалар бойынша мыналарға жұмыстарды қоса отырып анықтаған жөн:

- құдықтың түбіндегі топырақты тығыздау «Жер жұмыстары» деген 6101-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталады;
- саздан жасалған су өткізбейтін құлып құрылғысы «Тас конструкциялар» деген 5-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталады.

1.18 6121-0801-(0101÷0109, 0201÷0221) дара сметалық бағаларда 2-топтың топырағында құбырларды (құтыларды) орсыз төсеу бойынша жұмыстарды жүргізу көзделген. Ал 1 және 3-топ топырақтарында жұмыстарды орындау кезінде құнға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді қолдану керек.

«Құбырларды орсыз төсеу» деген 6121-08-топтың дара сметалық бағаларында жұмыс және шығу қазаншұңқырларының құрылғысы бойынша жер жұмыстары және тіреу қабырғасының құрылғысы қаралмайды. Аталған жұмыстар бойынша құн тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша айқындалуы тиіс.

6121-0802-(0501÷0520, 0601÷0620) дара сметалық бағаларда мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- су жеткізу;
- негізі мен конструкциялары жобада көзделетін роликті тіректерді орнату;
- бұрғылау қоқырын қазу және шығару.

1.19 Ашық орларда болат немесе темірбетон құбырлардан жасалған құтыларды төсеу шығындарының құны тиісті құбырларды төсеудің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек.

1.20 Болат құбырларды электрхимиялық қорғауға арналған шығындардың құнын «Магистральдық құбырлар» деген 7103-бөлімнің «Желілік құрылыстар» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша қосымша айқындау қажет.

1.21 Сыртқы қабырғадан бірінші құдыққа дейін су құбыры ендірмелерінің құрылғысына арналған шығындардың құны «Құбырлардың ішкі жүйелері» деген 14-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағаларында ескерілген.

1.22 Ұзындығы 10 м және одан артық топырақты қолмен әзірлей отырып, болат құбырларды басу кезінде мәжбүрлі желдету құрылғысына арналған шығындардың құнын жобаға сәйкес қосымша ескеру қажет.

1.23 6121-0701-(0101÷0102, 0201÷0204, 0301÷0304) дара сметалық бағаларда люктер мен металл сатыларды орнату ескерілген. Люктердің саны мен түрін, сондай-ақ металл сатылардың маркасы мен салмағын жобалық деректер бойынша қосымша ескеру қажет.

1.24 Дәнекерленген жалғанымдардың сапасын физикалық әдістермен тексеру (гамма-сәулелерді түсіру, магнитография және т.б.) бойынша жұмыстарды жүргізу «Газмұнай өнімдерінің магистралдық және кәсіпшілік құбырларын орнату бойынша құрылыс жұмыстары» деген 25-бөлімнің нормалары бойынша анықталады. Дәнекерленген жалғанымдардың сапасын тексеруге жататын дәнекерленген жіктердің саны жоба бойынша алынады.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Құбырларды төсеу және тоттануға қарсы оқшаулау бойынша жұмыстардың көлемін құбырлардың барлық жобалық ұзындығы бойынша құтыға салынатын үлгілемдік бөлшектер, арматура және құбырдың учаскелері алып жатқан ұзындығын шегермей есептеу керек.

2.2 Болат үлгілемдік бөліктердің салмағын ернемектердің салмағын есепке алмай жобаға арналған ерекшелікке сәйкес анықтау керек. Ернемектердің саны жобаның ерекшелігіне сәйкес қосымша ескеріледі.

2.3 Құрама темірбетоннан жасалған дөңгелек құдықтардың құрылғысына арналған 6121-0701-(0101÷0102) дара сметалық бағаларда шығыршықтардан, жабын тақталары мен түптерден, мойын шығыршықтарынан және тірек шығыршығынан тұратын құдықтар көзделеді.

Кірпіш құдықтардың құрылғысына арналған 6121-0701-(0201÷0204) дара сметалық бағаларда монолитті темірбетон немесе бетон түбінен, кірпіш қабырғалар мен мойыннан, жабын тақталары мен құрама темірбетон түптерден, ал монолитті қабырғалары мен құрама темірбетон жабыны бар бетон құдықтардың құрылғысына арналған 6121-0701-(0301÷0304) дара сметалық бағаларда темірбетон және бетон түбінен, қабырғалардан, жабын тақталарынан және мойынның түбі мен шығыршығынан тұратын құдықтар көзделеді.

Мынадай жұмыс түрлері: тесіктерді бетонмен бітеу; құбыр арматурасын орнатуға арналған тіреулер мен тіректердің құрылғысы; ылғалды топырақта бетон дайындау құрылғысы бағаларда ескерілген және су құбыры құдықтарының негізгі конструкциялары көлемінде қосымша ескерілмеуі тиіс.

2.4 Егер жобада құдықтарда екінші қақпақтарды орнату туралы нұсқаулар болса, олардың құрылғысы жобалық мәліметтер мен тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша қосымша ескерілуі керек.

2.5 Жобада көзделген жағдайларда құдықтардың айналасындағы төсенімнің құрылғысына арналған дара сметалық бағаларды «Автомобиль жолдары» 1-бөлімнің «Желілік құрылыстар» деген 1-шығарылымының бағалары бойынша айқындау керек.

3 Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

21.1-кесте Қолдану шарттарын ескеретін дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция	Қолдану шарттары	Сметалық баға коды	Құнға қолданылатын коэффициенттер	
			еңбек шығындары	пайдалану уақыты
1	2	3	4	5
3.1	5 м астам биіктіктегі құбырлар	6121-0101-(0101÷0108), 6121-0102-(0101÷0207), 6121-0103-(0101÷0222), 6121-01004-(0101÷0109), 6121-0105-(0101÷0102, 0117÷0118)	1,1	–
	Топырақты қолмен әзірлей отырып, болат құбырларды басу, топырақ тобы:			
3.2	1-топ	6121-0801-(0101÷0109)	0,85	0,84
3.3	3-топ		1,26	1,27
	Топырақты қолмен әзірлемей, болат құбырларды басу (тесу), топырақ тобы:			
3.4	1-топ	6121-0801-(0201÷0221)	0,86	0,85
3.5	3-топ		1,18	1,19

22-бөлім Сыртқы кәріз желілері

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Бөлімде сыртқы кәріз желілерінің құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстарына арналған сметалық бағалар қамтылған.

1.2 Дара сметалық бағаларда жұмыстардың жүргізудің орташаланған шарттары ескерілген. Құбырлардың ұзындығына, орлардың тереңдігі мен жағдайына және т.б. байланысты дара сметалық бағаларға өзгерістер немесе түзетулер енгізуге рұқсат етілмейді.

1.3 Сметалық бағаларда құбырлардың шартты диаметрлері келтірілген. Жобада диаметрі сметалық бағаларда келтірілгендерден ерекшеленетін құбырлар көзделген жағдайда жақын диаметрдегі құбырлар үшін сметалық бағаларды қолдану керек.

1.4 Дара сметалық бағаларда «Жұмыстардың құрамында» атап көрсетілген негізгі және қосалқы, ілеспе және негізгімен байланысты жұмыстар (материалдарды жеткізу және түсіру, құбырлардың ішкі беттерін ластанудан тазарту, құбырларды түсіру кезінде бекітпелерді ауыстыру, жұмыс аймағының шегінде жұмысшылардың орын ауыстыруы, еңістерді тексеру, орлардың түбін, дайын шұңқырларды тазалау, құбырларды топырақпен бекіту, табиғи негіздерді жоспарлау және т.б.) кешенін орындау ескерілген.

1.5 Кәріздік және жаңыр қабылдағыш құдықтардың құрылғысына арналған дара сметалық бағаларда люктерді, торларды және металл баспалдақтарды орнату ескерілген.

1.6 Уақытша мүкәммалдық керек-жарақтар: әртүрлі төсемдер; сатылар; орлар арқылы өтетін көпірлер құрылғысына арналған шығындардың құны, сондай-ақ орлардың, ағаштардың және құдықтардың люктерінің қоршаулары дара сметалық бағаларда ескерілмеген және үстеме шығыстар есебінен өтеледі.

1.8 Суағарлардың құрылғысына арналған шығындардың құнын Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді қолдана отырып, 6122-0203-(0301÷0312, 0501÷0506) сметалық бағалар бойынша анықтау керек.

1.9 Шөгінді топырақтарда құдықтардың құрылғысына арналған шығындардың құнын келесілерге ресурстарды қоса отырып, дымқыл топырақта ұқсас құдықтарды салуға арналған 6122-0401-(0110, 0112, 0114, 0116) дара сметалық бағалар бойынша анықтау керек:

а) құдықтың түбіндегі топырақты тығыздау «Жер жұмыстары» деген 1-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша анықтау қажет;

б) саздан жасалған су өткізбейтін құлып құрылғысын «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша анықтау қажет;

в) құдықтар конструкцияларының 10 $м^3$монолитті түбінде арматуралық торларды орнату: - 0,04 т – 6122-0401-(0110, 0112, 0114, 0116) дара сметалық бағаларда;

г) ішкі беттерді ыстық битуммен 2 рет майлау «Оқшаулау жұмыстары» деген 11-бөлімнің (6111-0401-0107) «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша айқындау керек.

1.10 Қысымды кәріз құбырларын төсеуге арналған құн «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша айқындалуы керек.

1.11 Сыртқы қабырғадан бірінші шығару құдығына дейінгі ғимараттар мен құрылыстардан кәріз шығарымдарының құрылғысына арналған құн «Ішкі құбыр жүйелері» деген 14-бөлімнің «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағаларында ескерілген.

1.12 Жер және су ағызу жұмыстары, сондай-ақ жасанды су төмендетуді құрылысты ұйымдастыру жобаларында немесе жұмыстарды жүргізу жобаларында әзірленген осы жұмыстарды жүргізу технологиясына сәйкес тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.13 Қолданыстағы жерасты коммуникацияларын ілуге арналған шығындардың құнын олар құбыржолдармен қиылысқан кезінде «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің (6121-1501-(0101÷0104)) «Ғимараттар (тұрғын үй-азаматтық)» деген 1-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша айқындау керек.

1.14 Ашық орда темірбетон құбырлардан жасалған қаптамаларды төсеу шығындарының құны осы Бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша (6122-0203 - (0101÷0110, 0201÷0208, 0301÷0310)), ал болат құбырлардан жасалған қаптамаларды төсеу және құбырларды қаптамаларға сүйреу - «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша (6121-1401-(0101÷0109, 0301÷0317)) есептелуі керек.

1.15 Жобада көзделген жағдайларда құдықтардың люктеріндегі төсенімдердің құрылғысына арналған құн «Автомобиль жолдары» деген 1-бөлімнің «Желілік құрылыстар» деген 2-шығарылымының дара сметалық бағалары бойынша қосымша айқындалуы керек.

1.16 6122-0401-(0101÷0116, 0201÷0206, 0501÷0506), 6122-0603-(0101÷0106) дара сметалық бағалар үлгілік жобалар бойынша кәріздік және жаңбыр қабылдағыш құдықтардың, сондай-ақ бір құдыққа немесе камераға 60 м^3 дейін жалпы құрылыс конструкцияларының көлемімен ұқсас құрылымдағы (жеке жобалау) құдықтар мен камералардың құрылғысын анықтауға арналған.

Құрылыс конструкцияларының жалпы көлемі 60 м^3-ден асатын құдықтардың немесе камералардың құрылысын тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.17 6122-0101-0105-дара сметалық бағаларда арматураның барлық түрлерінің жалпы салмағынан (қаңқалармен, торлармен, жеке өзекшелермен) шығатын орташаланған шығысы келтірілген. Жергілікті сметаларды жасау кезінде арматураның шығысы мен болат сыныбын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу шығындарын және оны орнатуға машиналар мен механизмдерді пайдалану шығындарын түзетпестен жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Сыртқы кәріз желілерінің құбырларын төсеу бойынша жұмыстардың көлемін құдықтар алып жатқан аймақтың ұзындығын шегермей, ғимараттардың немесе құрылыстардың жанындағы шығару құдықтарынан ескере отырып, құбырлардың барлық жобалық ұзындығы бойынша есептеу керек.

2.2 Құдықтар конструкцияларының көлемін түп, науа (дайындаманы есепке алмағанда), қабырғалар, жабындар мен мойын көлемдерін қоса алғанда, жобалардың деректері бойынша есептеу керек.

2.3 Егер жобада құдықтарда екінші қақпақтарды орнату туралы нұсқаулар болса, олардың құрылғысы тиісті Шығарылымдардың бағалары бойынша қосымша ескерілуі керек.

2.4 Жерасты коммуникацияларына арналған коллектор конструкцияларының көлеміне түптің (дайындаманы есепке алмағанда), қабырғалар мен жабын көлемін қосу керек.

3 Дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

22.1-кесте Қолдану шарттарын ескеретін дара сметалық бағаларға қолданылатын коэффициенттер

Позиция	Қолдану шарттары	Сметалық баға коды	Құнға қолданылатын коэффициенттер		
			еңбек шығындары	пайдалану уақыты	материалдар
1	2	3	4	5	6
	Суағарлар құрылғысы	6122-0203-(0301÷0312, 0501÷0506)			
3.1	гидравликалық сынаумен		0,84	0,85	1
3.2	гидравликалық сынаусыз		0,67	0,85	1*

_____
* Су шығысы алынып тасталады.

23-бөлім Жылумен жабдықтаудың және газбен жабдықтаудың сыртқы желілері

23-01-кіші бөлім - Жылумен жабдықтау - сыртқы желілер

1 Осы Бөлімде жылумен және газбен жабдықтаудың сыртқы желілерінің құрылғысы бойынша құрылыс жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар көзделген

1.1 Бөлімнің осы кіші бөлімінде арқауанған көбікті бетонды, битумоперлитті және көбікті полиуретанды оқшаулағыштардағы құбырларды арнасыз төсеуді қоса алғанда, жылу желілерін жерасты және жерүсті төсеу бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағалар қамтылған.

1.2 Дара сметалық бағалар шартты қысымы 2,5 МПа, температурасы 300˚С-қа дейінгі жылу тасымалдағышты (су, бу) тасымалдайтын жылу желілерінің құрылысына арналған.

Жылу тасымалдағыштың неғұрлым жоғары параметрлерінде құбырларды төсеуді тиісті Жабдықты монтаждауға арналған Бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.3 Дара сметалық бағаларда құбырларды өтпейтін, өтетін арналдарда және жер үстінде төсеу: П тәрізді және тығыздамалы компенсаторларды, болат ысырмалар мен балшық ысырмаларды орнату бойынша негізгі жұмыстардың, сондай-ақ ілеспе және негізгіге байланысты қосалқы жұмыстардың (құбырлардың ішкі беттерін ластанудан тазарту; ысырмалары бар түсіргіштер мен ауа тартқыштар жиынтығын дайындау, құрастыру және дәнекерлеу, жұмыс аймағы шегінде материалдар мен құрылғыларды жеткізу; уақытша баспалдақтарды, аспаларды және басқа да құрылғыларды орнату және орнын ауыстыру, 8 м дейінгі биіктікте жұмыс істеуге арналған құрылыс сатыларының құрылғысы) кешенін орындау ескерілген.

1.4 Жерасты коммуникациялары құбырлар трассасымен қиылысқан кезде оларды ілу «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің 6121-1501-(0101÷0104) дара сметалық бағалары бойынша айқындау керек.

Дара сметалық бағалар әртүрлі төсеніштерді, баспалдақтарды, орлар арқылы өтетін көпірлердің құрылғысын, орларды, ағаштар мен құдықтардың люктерін қоршауды ескермейді.

Көрсетілген жұмыстар үстеме шығыстар нормалары есебінен өтеледі.

1.5 Дара сметалық бағаларда құбырлар мен құбыр өткізгіш арматураның диаметрлері шартты өту жолымен мм-де келтірілген.

1.6 Дара сметалық бағаларда құбырларды 3 м-ге дейінгі тереңдікте жерасты немесе 8 м-ге дейінгі биіктікте жерүсті төсеу бойынша жұмыстарды орындау көзделген.

8 м-ден астам биіктікте және 10 м-ге дейінгі биіктікте көпірлердің астына құбыржолдардың төселуін анықтау үшін дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.1÷3.4-тармақтарында келтірілген коэффициенттерді қолдану қажет.

1.7 Сейсмикалығы 8 және одан жоғары аудандарда құбырларды төсеуге арналған шығындарды анықтау үшін дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінің 3.5÷3.6-тармақтарында келтірілген коэффициенттерді қолдану керек.

1.8 Жылу желілерінің құрылысы кезінде орындауға жататын жұмыстардың жеке түрлерін тиісті Бөлімдер бойынша айқындаған жөн:

- жер жұмыстарының орындалуы «Жер жұмыстары» деген 1-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек.
- болат құбырлардан жасалған қаптамалардың құрылғысы – «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша;
- конденсациялық бактарды орнату – «Ішкі жылыту жүйесі» деген 16-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша;

- дәнекерленген жалғанымдардың сапасын физикалық әдістермен бақылау (6123-0104-01÷6123-0104-04 басқа) - «2-Жинақ. 1-шығарылым «Желілік құрылыстар» «Магистральдық құбырлар» деген 3-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша;

- шойын ысырмаларын орнату – «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша;

- 8 м-ден астам биіктікте құбырларды төсеу кезінде құрылыс сатыларын орнату – «Тас конструкциялар» деген 5-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша;

- құбырларды қолданыстағы желілерге ойып орнату - «1-жинақ. Ғимараттар. 1-шығарылым. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» дара сметалық бағалары бойынша;

- пневматикалық, гидравликалық, электрлік және электромагнитті жетектермен ысырмалар мен басқа арматураны орнату диаметріне қарамастан - 1-жинақ. Ғимараттар. 1-шығарылым. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» тиісті Бөлімінің дара сметалық бағалары бойынша;

- қол жетегі бар ысырмаларды орнату осы Бөлімнің 6123-0106-0101÷0113) дара сметалық бағалар бойынша айқындалады.

- көбікті полиуретанды оқшаулауда құбырларды төсеу кезінде жуу және гидравликалық сынау «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің және «2-Жинақ. 1-шығарылым «Желілік құрылыстар» «Магистральдық құбырлар» деген 3-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша;

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Құбырларды төсеу бойынша жұмыстардың көлемін олардың жайылған ұзындығы бойынша тығыздамалы компенсаторлар, ысырмалар және П тәрізді компенсаторлар орналасқан учаскелерді шегере отырып, құбырлардың бүкіл жобалық ұзындығы бойынша есептеу керек.

3 Ресурстар шығысының дара сметалық бағаларына қолданылатын коэффициенттер

23.1-кесте

Позиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалардың кодтары	Құнға қолданылатын коэффициенттер		
			негізгі жұмысшылардың еңбек шығындары	уақыт пайдалану уақыты	материалдар шығысы
1	2	3	4	5	6
	Құбырларды жерүсті төсеу биіктікте, м:				
3.1	8,1÷10	6123-0101-(0401÷0419, 0701÷0712)	1,04	1,09 (крандар)	–
3.2	10-нан жоғары		1,06	1,12 (крандар)	–
	Темір жолдар немесе өзендер арқылы көпірлер астына 10 м дейінгі биіктікте құбырларды төсеу, диаметрі, мм:				
3.3	200-ге дейін	6123-0101-(0401÷0419, 0701÷0712)	1,26	1,84 (крандар)	–
3.4	200-ден жоғары		1,18	1,5 (крандар)	–
	Сейсмикалығы 8 және одан жоғары балл аудандарында құбырларды төсеу, мм:				
3.5	300-ге дейін	6123-0101-(0101÷0109, 0201÷0209, 0301÷0309, 0401÷0409, 0501, 0601, 0701)	1,05	1,06 (дәнекерлеу агрегаты) 1,33 (тегістейтін, жылжымалы машиналар электр станциялары	1,12 (электродтар)
3.6	300-ден жоғары	6123-0101-(0210÷0219, 0310÷0319, 0410÷0419, 0502÷0512, 0602÷0612, 0702÷0712)	1,04	1,06 (дәнекерлеу агрегаты) 1,33 (ажарлау машиналары, жылжымалы электр станциялары)	1,12 (электродтар)

23-02 - кіші бөлім - Қалалар мен кенттердің газ құбырлары

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Бөлімнің осы кіші бөлімінде 1,2 МПа (12 кгс/см^2) дейінгі қысымға есептелген газ құбырларын төсеу кезінде орындалатын жұмыстарға арналған дара сметалық бағалар қамтылады.

1.2 Дара сметалық бағаларда мынадай жұмыстар кешенін орындау ескерілген: «Жұмыстардың құрамында» көрсетілген негізгі және қосалқы, ілеспе және негізгімен байланысты (материалдарды орларға жеткізу және түсіру, айлабұйымдарды орнату және орнын ауыстыру, жұмыс аймағы шегіндегі ауысулар және т.б.).

1.3 Газ құбырларын төсеуді, сондай-ақ үлгілемдік бөліктер мен ысырмаларды орнатуды «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.4 Жер жұмыстары «Жер жұмыстары» деген 1-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек.

1.5 Дара сметалық бағаларда құбырлар мен арматураның диаметрлері шартты өту жолымен мм-де келтірілген. Жобада дара сметалық бағаларда келтірілгеннен өзгеше диаметрі бар құбырлар немесе арматура көзделген жағдайларда жақын диаметрдегі құбырлар немесе арматуралар үшін дара сметалық бағаларды қолдану керек.

1.6 Дара сметалық бағаларда қол жетегі бар құбыр арматурасын орнату ескерілген. Пневматикалық, гидравликалық, электрлік және электрмагниттік жетектері бар арматураны орнатуды «1-жинақ. Ғимараттар. 1-шығарылым. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» дара сметалық бағалары бойынша анықтау керек;

1.7 Арматурамен жалғанған жерлерде газ құбырларының тоттануға қарсы оқшауламасын, сондай-ақ арматураның оқшауламасы мен құдықтардың құрылғысын «Сумен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 21-бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн;

1.8 Газ құбырларын қосу, ажырату және газ астындағы байпастардың құрылғысына арналған дара сметалық бағаларда жұмыстардың жүргізудің зияндылығы мен күрделілігіне байланысты жағдайлар ескерілген.

1.9 Ғимараттарға газ құбырларын енгізу құрылғысы Іргетастардың немесе қабырғалардың дайын саңылауларына қарастырылған. Цемент ерітіндісімен бітейтін футлярды (гильзаны) орнату, сондай-ақ футлярдың құбыраралық кеңістігін битуммен толтыратын шайырлы паклямен футлярдың ұштарын бітеу дара сметалық бағаларда ескерілген.

1.10 Қысымды төмендете отырып, газ құбырларын кесуге арналған 6123-0202-(0101÷0112, 0201÷0208) дара сметалық бағаларда 4,9 кПа (0,05 кгс/см^2) дейінгі қысыммен газ құбырларындағы жұмыстарды орындау ескерілді. Үлкен қысым кезінде дара сметалық бағаларға Техникалық бөліктің 3-кіші бөлімінде келтірілген коэффициенттерді қолдану керек.

1.11 6123-0104-01-кестенің дара сметалық бағаларында құбырларды жуу және гидравликалық сынау бойынша шығындар көзделмеген. Оларды анықтау үшін 6121-бөлімнің 6121-0701-02-кестесінің дара сметалық бағаларын және «2-Жинақ. 1-шығарылым «Желілік құрылыстар» «Магистральдық құбырлар» деген 3-бөлімнің 7103-0127-05, 7103-0210-02-кестелерінің дара сметалық бағаларын басшылыққа алу керек

1.12 Үлгілемдік бөліктерді монтаждау кестесінің дара сметалық бағаларында (6123-0104-02) 2 түйісті оқшаулау бойынша шығындар ескерілген. Әрбір келесі түйісті оқшаулау қажет болған жағдайда, өнімнің дәнекерленген бөлігінің тиісті диаметріне қосымша қолдана отырып, сол кестенің тиісті дара сметалық бағаларын қолдану керек.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Жұмыстардың көлемін жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

3 Ресурстар шығысының дара сметалық бағаларына қолданылатын коэффициенттер

23.2-кесте

Позиция №	Қолдану шарттары	Дара сметалық бағалардың кодтары	Құнға қолданылатын коэффициенттер		
			негізгі жұмысшылардың еңбек шығындары	машиналарды пайдалану уақыты	материалдар шығысы
1	2	3	4	5	6
	Газ құбырларына «штуцермен» ойып орнату, қысымы 4,9 кПа (0,05 кгс/см^2) жоғары, диаметрі, мм:				
3.7	70÷400	6123-0202-(0101÷0109)	1,3	1,3	–
3.8	500 ÷700	6123-0202-(0110÷0112)	1,6	1,6	–
	Газ құбырларына «муфтамен» ойып орнату, қысымы 4,9 кПа (0,05 кгс/см^2) жоғары, диаметрі, мм:				
3.9	75÷250	6123-0202-(0201÷0205)	1,3	1,3	–
3.10	300 ÷700	6123-0202-(0206÷0208)	1,4	1,4	–
3.11	Қолданыстағы газ құбырында газ шырақтарын орнату	6123-0207-0101	1,17	–	–

23-03-кіші бөлім-Күл-қож құбырлары

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Бөлімнің осы кіші бөлімінде жылу электр станцияларынан бастап күл үйінділеріне дейінгі күл-қож құбырларының сыртқы желілерін, сондай-ақ осы құрылыстар шегіндегі құбыржолдарды төсеу бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағалар қамтылған.

1.2 6123-0301-(0101÷0107) дара сметалық бағаларда биіктігі 1,5 м дейінгі балласттық төсеніштерде салынатын құрама темірбетон элементтерден жасалған ағаш шабақты тіректердің құрылғысы көзделген.

Балласттың төсеніштердің құрылғысын тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.3 6123-0301-(0201÷0213) дара сметалық бағаларда ашық арналарда, орларда және 8 м дейінгі биіктіктегі тіректер бойынша күл-қож құбырларын төсеу көзделген.

Арналардың, орлардың және тіректердің (темірбетон немесе болат конструкциялардан жасалған) құрылғысын тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша айқындаған жөн.

1.4 Дара сметалық бағаларда құбырлардың диаметрлері шартты өту жолымен мм-де келтірілген. Жобада диаметрі дара сметалық бағаларда келтірілгендерден ерекшеленетін құбырлар көзделген жағдайда жақын диаметрдегі құбырлар үшін дара сметалық бағаларды қолдану керек.

1.5 Тығыздамалы компенсаторларды орнату, тоттануға қарсы оқшаулау және күл-қож құбырлары мен болат тірек конструкцияларын бояу тиісті Бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша анықталуы керек.

1.6 6123-0301-(0201÷0213) дара сметалық бағаларда металл конструкцияларда мыналарды ескеру қажет: ер-тоқымның тірек бөліктері, кронштейндер мен қамыттар, ернемек қосылыстарының бекіту бөлшектері.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Тірек конструкцияларының көлемін жобалық мәліметтер бойынша қабылдау керек.

2.2 Күл-қож құбырларын төсеудің ұзындығын үлгілемдік бөліктер мен тығыздамалы компенсаторлары бар учаскелерді шегере отырып, құбырлардың жобалық ұзындығы бойынша айқындаған жөн.

2.3 Күл-қож құбырларын бекітуге арналған болат тірек конструкцияларының салмағын қамыттардың, бұрандамалар мен сомындардың салмағын ескере отырып, жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

24-бөлім Электрмен жабықтаудың сыртқы желілері

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары тұрғын және қоғамдық ғимараттарды салу кезінде сыртқы электрмен жабдықтау желілерін орнату бойынша орындалатын жұмыстарға шығындарды анықтауға арналған.

1.2 Сметалық бағаларда тиісті техникалық шарттар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес айқындалған электр монтаждау жұмыстарының толық кешенін орындауға арналған шығындар, оның ішінде мыналарға арналған шығындар:

- электр жабдықтары мен материалдық ресурстарды объект маңындағы қоймадан жұмыс жүргізу орнына дейін өткізу:
- көлденең - 1000 м дейінгі қашықтыққа;
- тік - Бөлім топтарына кіріспе нұсқауларда көрсетілген қашықтыққа;
- кабельдердің, сымдардың, шиналардың талсымдарын және жерге тұйықтау өткізгіштерін қосу;
- шиналарды (ауырлардан басқа), ашық шиналарды, троллейлерді, құбырлар мен конструкцияларды бояу;
- электр жабдығын тексеріссіх және кептірусіз қосу мүмкіндігін айқындау;
- электр жабдығын жеке сынау кезіндегі кезекшілік;
-сызбаларды әзірлеу кезінде есепке алынбайтын және оларды дайындау технологиясының шарттары бойынша құрылыс конструкцияларында көзделмеген диаметрі 30 мм кем тесіктерді (қабырғалардағы, арақабырғалар мен аражабындардағы тесіктер әртүрлі тірек-ұстап тұратын конструкциялардың дюбельдерін, түйреуіштері мен қадаларын орнату үшін ғана) тесу;
- зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстар (газбен дәнекерлеу жұмыстары; монтаждау пистолетін қолдана отырып конструкциялар мен бөлшектерді бекіту; бензол, толуол, күрделі спирттер және басқа да зиянды химиялық заттар бар нитро бояуларды және лактарды қолдана отырып, жабық үй-жайларда сырлау жұмыстары, сондай-ақ осы бояулардан құрамдарды дайындау; қорғасынмен дәнекерлеу, қорғасындалған кабельдерді дәнекерлеу және кабель муфталарына қорғасын құю).

1.3 Жалпы нұсқауларда көрсетілген қашықтықтан жоғары биіктікте жұмыс жүргізу кезінде 24-бөлімнің топтарына жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына мынадай коэффициенттер қолданылуы керек:

-1,05 биіктігі 2-ден 8 м-ге дейін;
-1,1 биіктігі 8-ден 15 м-ге дейін;
-1,25 биіктігі 15-тен 30 м-ге дейінгі;
-1,4 биіктігі 30-дан 60 м-ге дейін;
-1,6 биіктігі 60-тан 100 м-ге дейін;
-1,8, биіктігі 100 м-ден жоғары.

Бұл коэффициенттер жұмысшылардың көтерілу және түсу уақытын және биіктікте жұмыс істеу кезінде қозғалыстардың тығыздығын ескереді.

24-бөлімнің кіші бөлімдеріне техникалық бөлікте көрсетілген қашықтықтан тыс электр жабдықтары мен материалдық ресурстардың биіктігіне өткізуге арналған шығындарды қосымша айқындау қажет.

1.4 Дара сметалық бағаларда ескерілмеген материалдық ресурстардың қалдық нормалары 24А қосымшасында келтірілген.

1.5 Электр жабдықтарын жөндеу алдындағы тексеру және кептіру жұмыстарын орындау жеке есептеулер бойынша және жабдықты жөндеу алдындағы тексеру және кептіру үшін белгіленген тәртіппен анықталуы керек.

1.6 6124-01-кіші бөлім Тарату құрылғылары мен қосалқы станциялары

1.6.1 «Ашық 6÷330 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0101-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілген:

- жұмыстарды жүргізу және жабдықтар мен материалдық ресурстарды орнату орнына дейін тік өткізу;
- таза еден белгісінде трансформаторларды орнату;
- майды өңдеуге және құюға арналған құбырлар мен ыдыстарды монтаждау
- «Электр энергиясы желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қайталама тізбектерді, жерге қосу және кабельдерді (трансформатормен жеткізілетіндерден басқа) монтаждау;
- 6124-0101-(13÷16) кестелерден басқа, 6124-03-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын жәшіктерді, пульттер мен шкафтарды монтаждау;
- 6124-0101-(13÷16) кестелерден басқа тірек конструкцияларын монтаждау;
- 6124-01 және 6124-02-кіші бөлімдердің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын ажыратқыш жетектері бар айырғыштарды бұғаттауды монтаждау;

1.6.2 6124-0101-(13÷16, 18) кестелерде мыналар ескерілмеген:

- 6124-0103-(0501÷0503) бойынша айқындалатын 6124-0101 - (1301, 1302) дара сметалық бағалардан басқа, күштік трансформаторларды (оның ішінде өзіндік қажеттіліктер трансформаторларын) монтаждау;
- 110 және 220 кВ ажыратқыштарды монтаждау;
- 6124-0101-(1401, 1501) басқа 6124-0201-топтың дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын кабельдер мен құбырларды төсеу;
- 6124-0208 -топ бойынша айқындалатын 6124-0101 - (1401, 1501) дара сметалық бағалардан басқа жерге тұйықтау контурын төсеу;
- 6124-0101-(1401, 1501) дара сметалық бағалардан басқа жарықтандыруды, найзағайдан қорғау және ЖҚБП жабдықтарын монтаждау;

1.6.3 Кіші бөлімнің сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығыны ескерілмеген:

темірбетон жүктері; болат арқан (трос); барлық маркалы және қималы сымдар; құбырлар; шиналар; аппараттық қысқыштар және ашық тарату құрылғыларын бекітуге арналған желілік арматура.

1.6.4 6124-0102-топта жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды орнату орнына дейін тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.6.5 6124-0102-топта мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-0103-08-кестенің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын айырғыштардың мотор жетектерін орнату;
- «Электр энергиясы желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын айырғыштарды, қайталама коммутацияны және жерге қосуды бұғаттау құрылғысын монтаждау;
- тірек конструкцияларын орнату;

1.6.6 6124-0102-топтың кестелерінде келесі материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- барлық маркалы және қималы сымдар; құбырлар; таңбалау биркалары.

1.6.7 «Тарату құрылғылары және қосалқы станциялар» деген 6124-01-кіші бөлімнің «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-тобының және «Түрлендіру құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0104-тобының дара сметалық бағаларында жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.6.9 «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-топтың дара

сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі « деген 6124-02-кіші бөлімнің осы бөлімінің «500 кВ дейінгі кабельдік желілерді төсеу» деген 6124-0201-тобының тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын кабельді бөлу;
- компрессорлық қондырғылар мен ауа өткізгіштерді ауа ажыратқыштарына монтаждау;
- тірек металл конструкцияларын монтаждау;
- экрандалмаған ток өткізгіштер үшін тірек және өту оқшаулағыштарын орнату;
- кіріктіре орнатылған ток және кернеу трансформаторларын, айырғыштар мен ажыратқыштарды монтаждау;
- желдету-салқындату қондырғыларын монтаждау.

1.6.10 «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-топтың дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- компенсаторлар; өтпелі тілімшелер; асбест-цемент тақталар; құбырлар; барлық профильдер мен қималардың түсті металдарынан жасалған шиналар; шина ұстағыштар; таңбалау биркалары.

1.6.11 «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-топтың және «Түрлендіру құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0104-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- «Тарату құрылғылары және қосалқы станциялар» деген 6124-01-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын трансформаторларды монтаждау;
- «Төмен вольтты жиынтық құрылғыларды монтаждау» деген 6124-0303-топтың тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қалқандарды монтаждау;
- «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің «Электртехникалық қондырғылардың жерге тұйықтау желілерін монтаждау» деген 6124-0203-тобы бойынша айқындалатын жерге тұйықтау шиналарын төсеу;
- осы Бөлімнің «Тарату құрылғылары және қосалқы станциялар» деген 6124-01-кіші бөлімінің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын салқындату жүйесінің құрылғысы.

1.7 6124-02-кіші бөлімі Электр желілері және электр энергиясының кәрізі

1.7.1 «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің «500 кВ дейінгі кабельдік желілерді төсеу» деген 6124-0201-тобының дара сметалық бағаларында жұмыстар жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 5 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген. Егер жобада көтеру механизмдерін қолдану көзделген болса, олардың жұмыс уақытын құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері бойынша қосымша ескеру қажет.

1.7.2 «500 кВ дейінгі кабельдік желілерді төсеу» деген 6124-0201-топтың шығындарында мыналарға арналған шығындар ескерілген:

- тігілген полиэтиленнен жасалған кабельге арналған анкерлік және шектеу конструкцияларын, ұштық муфталарды монтаждау; құбырлардың дәнекерленген жалғанымдарын бақылау;
- трансформаторларға кабельдік ендірмелердің шатырларын, тігілген полиэтиленнен жасалған кабельге арналған жалғағыш және ұштық муфталарды орнату және бөлшектеу;

1.7.3 6124-0201-топтың дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- кабельдік бітеу (материалдар жиынтығы);
- қуат беретін қысқыштар;
- жабдық ретінде есепке алынатын жабдық жиынтығында жеткізілетін, схема бойынша бөлінген ұштары бар өлшегіштерден басқа, барлық маркалар мен қималардың кабельдері;

- болат арқан (трос), кермелі муфталар;
- кабельді бекітуге арналған материалдар;
- герметикалағыш кассеталар;
- кірпіш;
- металл кабельдік конструкциялар;
- қораптар;
- кабельдік муфталарға арналған қорғаныш қаптамалар;
- құбырларды бекітуге арналған кронштейндер;
- металл науалар;
- кабельдік муфталар және тігілген полиэтиленнен жасалған кабельге арналған жалғағыш және ұштық муфталар;
- ұштықтар;
- асбест-цемент және темірбетон тақталар, арақабырға жалғағыштары;
- құбырлар;
- кабельдік капалар;
- сигнал таспалары;
- оқшаулағыш төлкелер мен қақпақтар,
- жалғағыш гильзалар.

1.7.4 «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің «Сыртқы электр жарықтандыруды монтаждау» деген 6124-0202-тобының дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығыны ескерілмеген:

- шыны мен стартерлерді қоса алғанда, жарықтандыру арматурасы;
- оқшаулағыштар;
- болат арқан (трос);
- «Өту» бағаналары;
- компенсаторлар;
- шамдарға арналған кронштейндер;
- ілгектер:
- электр шамдары;
- тақтайлар;
- бағандық сақтандырғыштар;
- шамдарды жерге тұйықтауға арналған сымнан басқа барлық маркалы және қималы сымдар;
- іске қосу-реттеу аппараттары;
- аспалы роликтер;
- тіреулер (08-02-374-кесте);
- траверс;
- болат құбырлар;
- қамыттар;
- тіректерге цокольдер;
- 6124-0205-(1001÷1003) басқа оқшаулағыш қақпақтар мен төлекелер;
- жалғағыш гильзалар

1.7.5 «Электртехникалық қондырғылардың жерге тұйықтау желілерін монтаждау» деген 6124-0203-топта жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.7.6 6124-0203-топтың дара сметалық бағаларында жерге тұйықтағыштардың, сымның шығысы ескерілмеген.

1.7.7 6124-0203-топтың дара сметалық бағаларында жер жұмыстары көзделмеген.

1.8 6124-03-кіші бөлім Электр күштік және электрмен жарықтандыру қондырғылары

1.8.1 Машиналар мен агрегаттарды орнатуға арналған «Электр машиналарын монтаждау» деген 6124-0301-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-0103-2703 бойынша айқындалатын қорғаныш қоршауларының құрылысы;
- «Элсіз токты жүйелер» деген 25-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын температуралық, су ағыны релелерін орнату;

1.8.2 Агрегаттарды сынауға, баптауға тапсыруға дайындау, сондай-ақ агрегаттарды электр желісіне қосу агрегат құрамына кіретін әрбір машина үшін жеке 6124-0301-топтың тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталады.

1.8.3 6124-031-топтың ресурстарында желдеткіш қаптамаларды, іргетасты бұрандамаларды, муфталарға арналған бұрандамалар мен тістерді, кілтектерді, мойынтіректер астындағы оқшаулағыш төсемдерді және дайындаушы зауыт жеткізетін жабдықтың керек-жарағы болып табылатын басқа да бөлшектерді дайындауға арналған шығындар ескерілмеген.

1.8.4 6124-0301-топта келесі материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- металл сыналар;
- кронштейндер;
- металл төсемдер;
- барлық пішіндегі және қимадағы түсті металдардан жасалған шиналар;

1.8.5 «Іске қосу-реттеу құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0302-топтың дара сметалық бағаларында жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.8.6 6124-0302-топта мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-01-кіші бөлімнің «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-01-тобының тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын резистор блоктары арасындағы шиналық және басқа да жалғанымдарды төсеу.
- 6124-0103-2703 бойынша айқындалатын резистор блоктарының қорғаныш қоршауларын орнату;
- 6124-0302-1501 бойынша айқындалатын кабельдік ендірмелер мен электр жабдықтарын қорғауға арналған қаптамаларды орнату;
- 6124-0302-14-кестенің дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қысқыштары бар қораптарды орнату;

1.8.7 6124-0302-топта келесі материалдық ресурстар ескерілмеген:

- штепсельдік аппараттар;
- пакеттік ажыратқыштар мен ауыстырып-қосқыштар;
- іске қосу құрылғыларына дистанциялық берілістердің бөлшектері (біліктер, тартқыштар, мойынтіректер, иінтіректер және т. б.);
- 400 А дейінгі токқа ажыратқыштары, сақтандырғыштары немесе штепсельді розеткалары бар тарату бағаналары (модульдік сымдар үшін);
- қысқыштары бар қораптар;
- әмбебап ауыстырып қосқыштарға арналған қораптар;
- штепсельдік қораптар;
- маймен толтырылған аппараттарға арналған майлар;
- 1000 В дейінгі кернеу үшін 400 А дейінгі токқа барлық үлгідегі сақтандырғыштар;
- 400 А дейінгі токқа қосқыштар;
- 400 А дейінгі токқа ажыратқыштар мен ауыстырып қосқыштар;
- орнатылған жабдығы жоқ барлық үлгідегі іске қосу және күштік жәшіктер;
- 400 А дейінгі токқа сақтандырғыштары, ажыратқыштары, айырғыштары және ауыстырып қосқыштары бар қалқандар, шкафтар мен жәшіктер;

- жарықтандыру желілері үшін пайдаланылатын орнату автоматтары бар барлық үлгідегі және түрдегі қалқандар, шкафтар және пункттер

1.8.8 «Төмен вольтты құрылғыларды монтаждау» деген 6124-0303-топтың дара сметалық бағаларында жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген

1.8.9 6124-0303-топта мыналарға арналған шығындар екерілмеген:

- 6124-01-кіші бөлімнің «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-тобының дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қалқандарды дара панельдермен жеткізу кезінде құрама шиналарды монтаждау;
- қосымша жиынтықты қысқыштарды орнату және дайындаушы зауыттар монтаждағандарға қосымша сымдарды төсеу;
- кабельдік ұштықтарды монтаждау;

1.8.10 6124-0303-топта мынадай материалдық ресурстар ескерілмеген:

- барлық маркалар мен қималардың сымдары;
- барлық пішіндер мен қималардың шиналары;
- шкафтар.

24А қосымшасы

(міндетті)

24А.1 кестесі - Дара сметалық бағаларында ескерілмеген материалдық ресурстардың қалдың нормалары

Материалдық ресурстар	Қалдық нормасы, %
1	2
Органикалық шыныдан жасалған сейілткіші бар люминесцентті арматура	1
Пластмасса жарықтандыру арматурасы	1
Фарфор және шыны жарықтандыру арматурасы	3
Ашық тарату құрылғыларын бекітуге арналған аппараттық қысқыштар мен желілік арматура	3
Барлық маркалар мен қималардың кабельдері	2
Барлық түрдегі, мақсаттағы және қуаттағы электр шамдары	2
Қимасы 10 мм2 дейін қоса алғанда барлық маркалы сымдар	3
Қимасы 10 мм2 жоғары барлық маркалы сымдар	2
Жарықтандыру арматурасына арналған шыны	2
Тростар	2
Асбестцемент және пластмасса құбырлар	2
Түсті металдардан жасалған болат құбырлар және жеңдер (шлангілер)	3
Барлық пішіндегі және қимадағы түсті металдардан жасалған шиналар мен таспалар	3
Электр қондырғы бұйымдары	2

25- бөлім Әлсіз ток желілері

I. Байланыс жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар

1-бөлім Жаңа кәсіпорындарды салу, кеңейту, қайта жаңарту және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру кезінде байланыс жабдығын монтаждау, электрлік тексеру, реттеу, жаттықтыру және күйге келтіру бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

2 Дара сметалық бағаларда монтаждауға арналған тиісті техникалық шарттар мен нұсқаулықтар негізінде айқындалған монтаждау жұмыстарының толық кешенін орындау ескерілген, соның ішінде:

А) Бөлімнің кіші бөлімдеріне кіріспе нұсқауларда айтылған жағдайларды қоспағанда, 25.I.А қосымшасында келтірілген қашықтықтарға жабдықтар мен материалдық ресурстарды өткізу;

б) 6125-0101 және 6125-0301-кіші бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша жабдықты монтаждау кезінде еденді (паркет, линолеуммен немесе пластикпен жабылған) зақымданудан қорғау;

в) 6125-0401 және 6125-0501-кіші бөлімдерден басқа, объектілерді пайдалануға беруді қамтамасыз ететін байланыс жабдықтары мен құрылыстарын электрлік тексеру, реттеу, жаттықтыру және баптау бойынша жұмыстар кешені;

г) жабдықты бояу, монтаждау процесінде дайындалатын конструкцияларды бояу және технологиялық белгілерді жазу.

3 «Әлсіз ток желілері» деген 25-бөлімнің, «Байланыс жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар» деген бөлігінің дара сметалық бағалары үшін негізгі материал жеке көрсетіледі.

4 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) «Электрмен жабдықтаудың ішкі жүйесі» деген 19-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталатын электрмен қоректендіру жабдықтарын монтаждау, сондай-ақ барлық кабельдерді төсеу (кіші бөлімдерге және топтарға барлық кіріспе нұсқауларда айтылған жағдайларды қоспағанда), жерге тұйықтау (жоғары жиілікті қоспағанда) және талшық қимасы 10 мм^2 күданаік кабельді және бақылау кабельдерін шеткі бөлу.

5 Дара сметалық бағаларда тізбесі Е қосымшасында, сондай-ақ кіші бөлімдер мен топтарға кіріспе нұсқауларда келтірілген материалдық ресурстар ескерілмеген. Кабельдің, сымдар мен құбырлардың шығысы жоба бойынша шығындар мен қалдықтар нормаларын ескере отырып қабылданады.

6 Жабдық салмағының өзгеруіне байланысты монтаждау дара сметалық бағаларын өзгерту жүргізілмейді.

7 Жабдықты бөлшектеу шығындарын анықтау кезінде монтаждауға арналған ұқсас дара сметалық бағаларға, 25.I.1-кестеде келтірілген машинистердің еңбек шығындарына қоса, құрылысшы-жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына және машиналарды пайдалану уақытына коэффициенттерді қолдану керек. Бұл ретте материалдарға, бұйымдарға, конструкцияларға ресурстардың шығындарын алып тастау керек

25.I.1-кесте

Кіші бөлім	**01, 04, 05, 07**	**02**			**03**			**06**	
1	2	3			4			5	
Топ	Толығымен	01	02, 05	03, 04	01	02	03	01	02
Коэффициент	0,5	0,3	0,4	0,5	0,5	0,45	0,4	0,3	0,45

8 Жабдықтар атауларының және жұмыс түрлерінің шартты белгілері (қысқартулары) Ж қосымшасында келтірілген.

9 Дара сметалық бағалар бағдарламалық-техникалық құралдар кешені (БТҚК) немесе жабдықпен жеткізілетін техникалық құралдар кешені (ТҚК) - сериялық, жинақталған, жүктелген жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымы бар жағдайларға негізделе отырып әзірленді.

6125-01-кіші бөлім Қалалық телефон байланысы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

Кіші бөлім АТС, АТС кросстарын, станцияаралық жалғау желілерін тығыздауға арналған жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

6125-0101-топ Автоматты телефон станцияларының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-0104-01-кестенің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын магистральдық жолақтарды бекітуге арналған бұрыданаықтарды орнату;

б) 6125-0105-01-кестенің дара сметалық бағалары бойынша және «Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйесі» деген 19-бөлімнің тиісті сметалық бағалары бойынша айқындалатын жұмыстардың құрамында айтылғандардан басқа кабельдерді, сымдар мен шиналарды төсеу;

в) 6125-0105-01-кестенің дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын станциялық кабельдерді қосу.

6125-0102-топ Кросс жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-01-кіші бөлімнің 6125-0102-тобының тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталатын данаифтік рамаларды орнату, сигнал беруді монтаждау және электрлік тексеру;

б) 6125-0702-(0920÷0921) дара сметалық бағалар бойынша анықталатын қорғау жолақтарын орнату.

6125-0103-топ. Станцияаралық байланыстарды тығыздау аппаратурасының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) соңғы станцияның қаңқасын құрастыру, орнату және бекіту;

б) қаңқаға аппаратура блоктарын орнату;

в) аралық станцияны қазаншұңқырға орнату;

г) тұрақтандыру кабелін орнату және монтаждау;

д) желілік регенеративті күшейткіданаі орнату;

е) аралық станцияның корпусына ауаны айдау;

ж) желілік жолдың аяқталу блогын қалған жабдықпен қосу;

з) қашықтан қоректендіруді желіге қосу;
и) телефон арналарының амплитудалық-жиіліктік сипатын өлшеу;
к) шлейф пен асимметрияның оқшаулау кедергісін өлшеу;
л) күшейткіш учаскенің өшуін өлшеу;
м) қашықтықтан қоректендіру тізбектерін өлшеу.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
а) ойықтарды белгілеу және тесу;
б) АТС қосуға арналған станциялық кабельді монтаждау;
в) қоректендіруші сымдар мен кросс жолын дайындауды монтаждау

6125-0104-топ Металл ауа науаларының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда рамадан және науалар мен қамыттарды бағанға түсіру-көтеруді бекітуге арналған қаптамадан басқа науалар мен бекіту бөлшектері ескерілмеген.

2 Жабдықпен жиынтықта жеткізілетін науалар мен бекіту бөлшектері жабдық ретінде ескеріледі.

6125-0105-топ Станциялық кабельдер мен сымдарды монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Бір сымды кабельдерді бөлу және қосу 0,8 коэффициентін қолдана отырып, 6125-0105-(0132÷0133) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

2 6125-0105-0134-дара сметалық бағада аспаптар мен жұмыс орындарының схемаларында қайта монтаждау, сондай-ақ жабдыққа қосымша тақталар мен жеке аспаптарды қосу қарастырылған. Схеманы қайта жасаумен дәнекерлеу дара сметалық бағаға 1,6 коэффициентін қолданумен анықталады.

3 Объектіде 10 км-ге дейін және 50 км-ден астам төсеу кезінде әуе науалары арқылы кабельді төсеу жұмысшылардың, машинистердің еңбек шығындарына және машиналар мен механизмдерді пайдалану уақытына келесі коэффициентпен 6125-0105-(0401÷0403) дара сметалық бағалар бойынша анықталады:

1,1 - 10 км-ге дейін;

0,8 - 50 км-ден астам.

4 Төбелер бойынша кабельдер мен сымдарды төсеу жұмысшылардың, машинистердің еңбек шығындарының құнына және машиналар мен механизмдерді пайдалану уақытына 1,15 коэффициентімен 6125-0105-(0501÷0509) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6125-02-кіші бөлім Жергілікті телефон байланыс жабдықтарын монтаждау

6125-0201-топ Шағын көлемді автоматты телефон станцияларының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) енгізу қалқандарын, сигнал беру, жерге қосу қалқандарын монтаждау, электр қоректендіру кабельдері мен сымдарын төсеу;

б) 6125-0201-0102 дара сметалық баға бойынша өнеркәсіп қалқандары мен енгізу-кростық жабдықтарды монтаждау.

2 Дара сметалық бағаларда станциялық кабельдерді, сымдар мен сигнал беруді төсеу, бөлу және қосу ескерілмеген.

6125-0202-топ Жедел-телефон байланысы жабдықтарын монтаждау
Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) станцияларды, пульттерді, қондырғылар мен сөйлесу құрылғыларын орнату, реттеу және жаттықтыру;

б) станциялық кабельдердің ұданаарын екі жағынан аппаратураға және кроссқа қосу.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) үстел коммутаторларын орнату кезінде үстелді монтаждау;

б) кабельдерді төсеу және олардың шығысы.

6125-0203-топ Телефон аппарттарының жабдықтарын монтаждау
Кіріспе нұсқаулар

1 Осы топта телефон аппараттарын орнату және қосу, абоненттерге әйуе ендірмесінің найзағайдан қорғау құрылғысы, тарату қораптарына 1×2 кабельді қосу бойынша дара сметалық бағалар бар.

6125-0204-топ Квазиэлектронды автоматты телефон станциясының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 6125-0204 (0101÷0113) дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) статив қатарлары шегінде оларды стативтерде қалыптай отырып, кабельді жалғанымдар мен қоректендіру шиналарын төсеу;

б) қоректендіру бұрмаларын станция аспаптарына қосу;

в) жерге тұйықтау құралдарын стативтерге қосу;

г) аппаратураға данаепсельдік ажыратқыданаарға бөлінген станциялық кабельдердің ұданаарын қосу.

2 Дара сметалық бағаларда нақты құрылыс объектісінің жобасында әзірленген бағдарламаны байланыстыру және оны машина тасымалдағышына ауыстыру және реттеу ескерілмеген.

3 Дара сметалық бағаларда Б қосымшасында келтірілген станцияны орнату үшін электр энергиясы ескерілмеген.

6125-0205-топ «Исток» ИАТСКЭ телефондық интегралдық квазиэлектрондық станциясының жабдықтарын монтаждау.

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда Д қосымшасында келтірілген станцияны орнату үшін электр энергиясы ескерілмеген.

2 Дара сметалық бағаларда 6125-0104-0304-дара сметалық баға бойынша айқындалатын «Тор» типіндегі кабельростты орнатуға арналған шығындар ескерілмеген.

6125-03-кіші бөлім Сымды қалааралық байланыс жабдықтарын монтаждау

6125-0301-топ Желілік-аппараттық цехтың жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) 6125-0301-(0101÷0104) дара сметалық бағалар бойынша - қоректендіру және жерге тұйықтау кабельдері мен сымдарын бөлу, жабдыққа қосу;

б) 6125-0301-(0201÷0214) дара сметалық бағалар бойынша - алмалы-салмалы тақташалар мен аспаптарды орнату.

2 Әуе науаларын, ауыстырып қосу тірегіндегі данаифті рамаларды (тарамдарды), сигнал беру құрылғыларын, станциялық кабельдерді, қалқандарды, тақталарды және әртүрлі негіздердегі басқа да құрылғыларды монтаждау 6125-01-кіші бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

3 Жерасты термокамераларында (НУП) жабдықты монтаждау осы топтың дара сметалық бағалары бойынша айқындалады, бұл ретте:

а) екі жартылай шұңқырдан тұратын тіреулерді монтаждау оның салмағына байланысты әрбір жартылай тіреулер бойынша анықталады;

б) 6125-0301-(0101÷0104) дара сметалық бағалардағы еңбек шығындарының құны мен машиналардың жұмыс уақытына жабдықты тарқату, буып-түю және қоректендіру пункттерінен орнату орнына дейін өткізу бойынша қосымша жұмыстарды ескеретін 1,4 коэффициенті қолданылады.

4 6125-0301-(0205÷0209) дара сметалық бағалар жұмыстың күрделілігіне байланысты бес топ бойынша берілген:

- бірінші - генераторлық жабдықтардың тіреулері, топтарды бөлу, телевизиялық бағдарламаларды бақылау, мысалы: СУГО, СВВГ, СВПГ, СТГО, САЦО-УД, СВВГ (ИКМ), СКТПВ;

- екінші - түрлендіргіш тіреулер (үндестік және топтық түрлендіру), арналарды бөлу, телевизия мен дыбыстық сүйемелдеудің, телевизиялық қызмет көрсетудің, түзетудің, қызметтік байланыстың таратушы және қабылдаушы құрылғылары, мысалы: СЛО, СЛО-В, СВПГ-1ПГ, СВПГ-2ПГ, СКТТ, СТТГ, СОЛТ (ИКМ), СОО-С (ИКМ), СОО (ИКМ);

-үшінші - күшейту жабдығының тіреулері, арналарды біріктіру және бөлу, жолдарды қайта қосу, әуе тізбектерінің беріліс жүйелерінің аралық станциялары, ЛУ, СЛУК, СПУН, К-60П, НУП-К-60П, СВ-НУП, НУП-8, ПОВ, ОУП-В, ОУП-ОТ, ОУП-П, НУП-К-60П-4, СЛО, НРП-Г8, НРП-4К, НРП-02, РЛ, НРПК-12;

- төртінші - коммутациялық және қосалқы жабдықтардың тіреулері, мысалы: СТВГ, СКП, СКВТ, СК, СТВТ, СКТВ, ССЛ, СТПГ-К-М, СТПГ-АК;

- бесінші - енгізу, сынау, бақылау-өлшеу, қоректендіру, ток тарату, реттеу тіреулері, мысалы: ВС, ВИС, ВКС, СП, СДП, САРН.

6125-0302-топ Қалааралық қол және жартылай автоматты телефон станциясы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

6125-0302-(0101÷0110):

а) аппаратураға қоректендіру сымдарын және бұрмалар құрылғысымен жерге тұйықтау сымдарын қосу;

б) авариялық жарықтандыруды монтаждау;

6125-0302-(0201÷0209):

в) реле мен жабдықтағы басқа құрылғылардың реттелуін тексеру;

г) қалааралық, жалғау және қызметтік желілер мен тікелей абоненттер стативтерінен басқа стативтердегі сигнал беруді электрлік тексеру.

2 Қатарлардың қаңқаларын, аралық ауыстырып қосу қалқандарын, әуе науаларын, аспаптарды, есептегіданаерді, қалқандарды, данаифтік рамаларды, сигнал беру тақталары мен тақташаларын, қатарларды жарықтандыруды, ауыстырып қосудың аралық қалқандарының кросс жолын дайындауды, станциялық кабельдерді бөлшектеу мен қосуды, сигнал беру құрылғыларын электрлік тексеруді монтаждау 6125-01-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

6125-0303-топ Халықаралық автоматты және электронды телефон станциясының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-0104-(0201÷0206) тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталатын бұрыданаықтар мен магистральды швеллерді орнату;

б) 6125-01-кіші бөлімнің 6125-0105-тобының дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын 6125-0303-(0201 ÷ 0208) дара сметалық бағалар бойынша сигнал беру кабельдері мен сымдарынан және қоректендіру бұрмаларынан басқа, кабельдер мен сымдарды төсеу және стативтерге қосу;

в) 6125-0104-(0101÷0109) дара сметалық бағалар бойынша айқындалатын науаларды орнату;

г) 6125-0105-(0201÷0213) тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталатын аралық қалқандардың кросс жолын дайындау;

д) 6125-0101-(0108÷0110) дара сметалық бағамен айқындалатын тақталарды орнату;

е) жедел-іздестіру іс-шаралары жүйесінің (ЖІШЖ) жабдықтарын монтаждау және баптау.

2 6125-0303-(0601÷0609, 0701÷0705) дара сметалық бағалар осы жабдықты дайындаушы немесе оның өкілдері, сондай-ақ жабдықты дайындаушы аттестаттаған ұйымдар орындайтын Миник DX-500 үлгісіндегі электрондық АТС монтаждау және баптау бойынша жұмыстарға келтірілген.

3 6125-0303-(0701÷0705) дара сметалық бағаларды қолданған кезде диспетчерлік байланыс жүйелері үшін DX-500 Миник станцияларын монтаждау 6125-0303-(0601÷0609) тиісті дара сметалық бағалар бойынша айқындалады.

4 Осы топтың дара сметалық бағаларында мынадай өлшем бірліктері қабылданды:

Учаске - монтаждау және (немесе) іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген, бір немесе бірнеше станциядан тұратын станциялар тобы; учаске қолданыстағы жүйеге қосылуы немесе дербес бапталуы мүмкін. Қолданыстағы жүйеге қосылған кезде есептеу қолданыстағы учаскелердің станцияларындағы жаңа байланыстарды ескере отырып жүргізіледі.

Диспетчерлік байланыс тізбегі (желісі) - жобалық құжаттамада көрсетілген диспетчерлік байланыс жүйесіндегі абоненттер арасындағы барлық қажетті байланыстар (екі жақты байланыстар диспетчерлік байланыстың екі желісі ретінде есептеледі).

Топтық арна - бір немесе бірнеше басшылармен (басқарушылармен) және параллель қосылған абоненттер тобымен сандық, аналогтық немесе сандық-аналогтық байланыс тізбегі.

ISDN соңғы жабдығы - ISDN сандық аппараттары және оларға кеңейту модульдері (пульттер мен тіркемелер).

6125-0304-топ Телеграф станциясының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Телеграф жабдықтарын монтаждауға арналған дара сметалық бағалар былайша айқындалады:

а) үндестік телеграф бағандарын орнату - 6125-0301-(0101÷0104) дара сметалық бағалар бойынша;

б) ауыстырып қосудың аралық қалқандарын, қалқандарды, тақталарды, данаифтік рамкалар мен әуе науаларын орнату, ауыстырып қосудың аралық қалқандарын кесіп өту және абоненттік телеграфты электрлік тексеру, станцияны электрлік тексеру және жаттықтыру - 6125-01-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша.

6125-0305-топ Байланыс арналарын баптау

Кіріспе нұсқаулар

1 Пайдаланудағы әуе желілерінің тізбектері бойынша байланыс арналарын баптауды 1,1 коэффициентімен осы топтың тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықтайды.

2 6125-0305 - (0401÷0425) дара сметалық бағаларда тығыздау жүйесін екі бағытта баптау ескерілген.

3 Бір уақытта сәйкес келетін қуат нүктелері бар бірнеше сызықтық жолдарды, сондай-ақ сәйкес келетін қуат нүктелері бар сызықтық жолдарды баптағанда, бір жолды қоспағанда, барлық жолдарды баптау дара сметалық бағаларына 0,6 коэффициенті қолданылады.

4 Коаксиалды кабель желілерінің сызықтық жолдарын баптауға арналған дара сметалық бағалар қашықтан қоректендіру параметрлерін ескереді.

5 Өтпелі сызықтық жолдарды баптау учаскедегі арналарды бөлу пункттерінің болуына және санына қарамастан, әрбір қайта қабылдау учаскесі бойынша жеке анықталады.

6 Кабельдік байланыс желілерінде қарапайым топтық жолдарды баптау 6125-0305-(0601, 0609, 0617) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

7 Құрама топтық жолдарды баптау тиісті топтық жолдың транзиттік пункттерінің санына байланысты анықталуы керек.

8 Бірнеше бастапқы, екінші немесе үшінші жолдарда барлық топтық жолдарды баптау, біреуінен басқа, 6125-0305-(0601÷0624) дара сметалық бағалар бойынша 0,8 коэффициентімен анықталады.

9 6125-0305-(0701÷0711) дара сметалық бағаларда әрбір арнаны екі бағытта баптау ескерілген.

10 Қайта қабылдау пункттері арасындағы учаскелердегі топтардың транзит пункттері есепке алынбайды.

11 Пайдаланылатын желілік жолдар бойынша байланыс және теледидар арналарын баптау кезінде баптауды аралық пункттерсіз арналарды баптауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықтайды.

12 Дайындалған радиорелелік оқпандар бойынша байланыс арналарын баптауды кабельдік магистральдар арналарын баптауға арналған тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықтайды, бұл ретте әрбір радиорелелік станция (ОРС) немесе арналарды бөлу пункті кабельдік магистральдың қоректендіру пунктіне теңестіріледі.

13 Екі кабельді жүйелердің ауылдық байланыс арналарын баптау әуе тізбектерінің бір арналы жүйелерін баптауға арналған 6125-0305-(0201÷0234) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

14 Магистральдарда қызметтік байланысты баптауды 1,5 коэффициентімен кабельді екі сымды немесе төрт сымды тізбектердің тоналды жиілік арнасын баптауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықтайды.

6125-04-кіші бөлім Радиобайланыс, радиохабар тарату, радиофикацияжәне телевизия жабдықтарын монтаждау

6125-0401-топ Қуаты 2000 кВт-қа дейінгі таратқыш жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда шкафтардың астына раманы жасау мен орнатуды, шкафтар мен қоршаулар шегінде жерге қосуды қоса алғанда, зауыттық жиынтықтағы таратқыданаарды, қосалқы жабдықтарды, басқару пульттерін және күданаік тетіктерді монтаждау ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда трансформаторлар мен дроссельдерді тексеру ескерілмеген.

6125-0403-топ Ультрақысқа толқынды таратқыш және телевизиялық станция жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда таратқыданаар шкафтарының жақтауын, қосу көпірлерін, шкафта жабдықтар мен бөлшектерді орнату, шкаф ішіндегі жалғанымдарды орындау ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) техникалық ғимаратта ЖЖ жерге тұйықтауды төсеу;

б) таратқыданаың қоршауынан тыс желдеткіш пен суыту ауа өткізгіданаерін монтаждау

6125-0404-топ Жоғары жиілікті фидер жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда бекіту конструкцияларын дайындау және орнату ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) қабырғада өтпелердің құрылғысы және жылыту бойынша жұмыстар;

б) соғу шығысы.

6125-0405-топ. Антенналық коммутация аппаратурасы және таратушы радиостанциялардың антенналық құрылғылары ББС аппаратурасының жабдығын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда жақтауларды орнату ескерілмеген.

6125-0406-топ Жоғары жиілікті жерге тұйықтау жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

9. Дара сметалық бағаларда жерге тұйықтау шиналарын төсеу, бекіту және бояу ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыс таспасының, мыс сымының шығысы ескерілмеген.

6125-0407-топ Таратқыданаарды салқындату

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:
а) құбырларды монтаждау;
б) суды салқындату жүйесін жуу және гидравликалық сынау.
2 Таратқыданаарды монтаждауға арналған дара сметалық бағаларда стендтерге арналған конструкциялар мен қоршауларды орнату ескерілген.
3 Дара сметалық бағаларда стендтерді полиэтилен және мыс құбырларымен байлау ескерілмеген.

6125-0408-топ Аппараттық-студиялық телевизиялықорталықтар мен радиоүйлердің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
а) жабдықпен жиынтықта жеткізілмеген рамаларды дайындау және орнату;
б) аппаратура астына үстел орнату;
в) талшық қимасы 10 мм^2 асатын күданаік кабельдерді шеткі бөлу;
г) кабельдер мен сымдарды төсеу.

6125-0409-топ Радиорелелік байланыс желісінің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағалар 2, 4, 6, 8 және 11 ГГц диапазонындағы аппаратураның станциялық жабдықтарын орнатуға арналған.
2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
а) жабдықты баптау;
б) жабдықпен толық жеткізілмеген рамалар мен конструкцияларды дайындау және орнату.
3 Жабдықты діңгектердегі немесе мұнаралардағы кабиналарға орнату кезінде жұмысшылардың еңбек шығындарына В қосымшасында келтірілген коэффициенттер қолданылады.

6125-0410-топ Жылжымалы объектілері бар радиобайланыс жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

Дара сметалық бағаларда кабельдердің ұданаарын кесу және жабдыққа қосу ескерілген.

6125-0411-топ Радиотрансляция торабының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
а) шкафтар мен стативтер (тіреулер) үшін раманың құрылғысы;
б) қуаты 25 -30 кВт сымдық тарату күшейткіш блоктарын монтаждау.

6125-0412-топ Театр-ойын-сауық кәсіпорнының дыбыс-техникалық қондырғысы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) жабдықпен жиынтықта жеткізілмеген рамаларды дайындау және орнату;

б) талдың қимасы 10 мм-ден асатын күданаік кабельдерді және бақылау кабельдерін шеткі бөлу;

в) кабельдер мен сымдарды төсеу.

6125-05-кіші бөлім Антенна, толқын өткізгіш, фидер және діңгектер мен мұнаралардың сигналдық жарықтандыру жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1. Дара сметалық бағаларда негізгі материалдық ресурстар ескерілмеген және оларды жұмыс жобалары, жұмыс сызбалары немесе есептеу деректері негізінде анықтау қажет.

2. Жұмыстарды жүргізуді қиындататын жағдайларда жұмыс істеген кезде жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына келесі коэффициенттер қолданылады:

а) батпақта жұмыс істегенде – 1,5;

б) жұмыс істеп тұрған антенна алаңында жұмыс істеп тұрған антенна-діңгек құрылыстары арасында - 1,1;

в) сондай-ақ, жоғары жиіліктегі токтардың бағытталуын тудыратын жұмыс істеп тұрған антенна құрылғыларына жақын жерде - 1,2.

Ескерту - б) және в) тармақтарының коэффициенттерін бір мезгілде қолдануға рұқсат етілмейді. Егер жұмыс жағдайларын қиындататын бірнеше факторлар болса, тек бір үлкен коэффициент қолданылады.

6125-06-кіші бөлім Электр дабыл, өрт, шақыру және қашықтықтан сигнал беру жабдықтарын монтаждау

6125-0601-топ Электр дабыл және өрт дабылы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда аспаптарды, аппараттарды орнату және монтаждау сапасын тексеру ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) қабылдау-бақылау аспаптарының жиынтығына кірмейтін конструкцияларды дайындау және монтаждау;

б) бұғаттау сымын жұқа тақтаймен, оргалитпен және басқа да материалдармен механикалық зақымданудан қорғау, сондай-ақ бұғатталған бетті бояу;

в) 5 м және одан жоғары биіктікте жұмыстарды жүзеге асыру кезінде көтергіш механизмдерді пайдалану немесе ормандарды орнату;

г) хабарлағыданаардың (датчиктердің) шығысы;

д) қосымша орнатылатын диодтарды, резисторларды монтаждау;

е) өрт-күзет дабылы жүйесіне іске қосу-жөндеу жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар бойынша айқындалатын қабылдау-бақылау аспаптары мен сигнал беретін объектілік құрылғыларды орнату кезінде жабдықты электрлік тексеру және жүйені тұтастай сынау;

ж) дербес компьютерді пайдалана отырып, бағдарламаланатын логикалық станция (бақылау және басқару пульті) немесе АЖО (автоматтандырылған жұмыс орны) базасында күзет-өрт дабылы жүйелерінің жабдықтарын (датчиктерден басқа) монтаждау, сондай-ақ

іске қосу-баптау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар бойынша айқындалатын, көрсетілген жүйелерді тұтастай электрлік тексеру және сынау.

3 Еден деңгейінен 5 м және одан жоғары биіктікте хабарлағыданаар мен сымдарды орнату кезінде монтаждау жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына келесі коэффициенттерді қолдана отырып, тиісті кіші бөлімнің дара сметалық бағаларына сәйкес анықталады:

1,1 - 15 м-ге дейін биіктікте;

1,25 - 15 м-ден жоғары биіктікте.

4 6125-0601-(0402÷0403) дара сметалық бағаларда беттерді бір талшықты сыммен бұғаттау ескерілген; екі бір талшықты сыммен бұғаттау 1,6 коэффициентімен тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

5 Бөлу негізі жоқ 2-3 талшықты сымдарды төсеу 6125-0601-0503-дара сметалық баға бойынша анықталады.

6 ЕҚМО қорғауындағы ғимараттарда, мұражайларда, ғибадат үй-жайларында жұмыстарды орындау кезінде хабарлағыданаарды, объектілік аспаптар мен құрылғыларды, сымдарды ашық төсеу кезінде монтаждау 1,5-тен 2-ге дейінгі коэффициентпен 6125-0601-(0201÷0206, 0301÷0309, 0501÷0504) дара сметалық бағалар бойынша анықталады. Коэффициент мөлшері тапсырыс берушімен келісіледі.

7 6125-0601-0701-дара сметалық бағада бір сыртқы құрылғының, бір дабыл шлейфінің және ҚБА-ны кезекші режимге қою-алу үшін бір құрылғының қосылуын ескере отырып, қабылдау-бақылау (ҚБА) күзет-өрт сөндіру аспаптарын монтаждау бойынша жұмыстар ескерілген.

6125-0601 - (0701÷0704) дара сметалық бағаларда мынадай өлшем бірліктері қабылданған:

- сыртқы құрылғы-ұнтақты өрт сөндіру модульдері;
- шлейф - (күзет-өрт дабылы)-өрт хабарлағыданаарынан тарату қорабына немесе қабылдау-бақылау аспаптарына дейін төселетін сымды және өткізбейтін байланыс желілері.

6125-0602-топ Электрочасофикация жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда аппаратураны орнату, кабельдер мен сымдардың талшықтарын электр сағаттарына қосу, мұнара сағаттарының механизміне тіреуіданаі орнату ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) мұнара электр сағаттарына арналған тілшелер мен циферблат жасау;

б) электр сағаттарын ілуге арналған кронданаейндер;

в) қайталама электр сағаттарына тарату желілері.

6125-07-кіші бөлім Байланыс желілерінің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда материалдық ресурстарды (дара сметалық бағаларда ескерілгендерді қоспағанда) кабельдік байланыс желілері трассасы бойынша тасымалдау ескерілмеген

6125-0701-топ Қалааралық кабельдік байланыс желісінің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) төсеуге дейін және кейін трассаны жоспарлау;

б) тереңдігі 1 м дейінгі су айдындары арқылы өткелдер құрылғысы (6125-0701-(0101÷0116));

в) тереңдікті өлшеумен су айдынының түбін тексеру (6125-0701 - (0201÷0211));

г) кабельді тексеру үшін қазаншұңқырларды қазу және оларды толтыру;

д) кабель төсегенге дейін және кейін 6125-0701-(0201÷0210) дара сметалық бағалар және муфталарды монтаждау кезінде өлшеу кешені 6125-0701-(0401÷0414, 0501÷0514, 0601÷0614, 0701÷0714, 0801÷0821, 0901÷0946, 1001÷1022, 1101÷1115) дара сметалық бағалар;

е) муфталарды монтаждау кезінде симметриялау.

2 Муфталарды монтаждау кезінде және монтаждалған күшейткіш учаскелерде герметикалықты тексеру және кабельді сығылған газбен толтыру 6125-0701-(1401÷1420) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек;

3 Кабельді монтаждау соңғы кабельдің құрылғысы (СКҚ) кезінде тікелей муфталарды монтаждауға арналған (6125-0701-(1001÷1022)) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.

4 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) «61-шығарылым «Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» 24-бөлім «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын жерге тұйықтағыданаарды монтаждау;

б) жабдық ретінде есепке алынатын бақылау-өлшеу пункттеріне, пупин орауыданаарына арналған конструкциялар (6125-0901-1509-дара сметалық баға бойынша).

в) «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 24-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын ордағы кабельге арналған төсем құрылғысы және кабельді кірпішпен жабу;

5 Трассаның орманды және жоталары көп учаскелерінде I және II топтардың топырақтарында кабельдер мен сымдарды кабель төсегіданаермен төсеу III топтың топырақтарында кабельдер мен сымдарды төсеуге арналған 6125-0701-(0101÷0116) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6 Жолдың батпақты учаскелерінде кабельдер мен сымдарды төсеу былайша анықталады:

- кабель төсеу бағаналары үшін өтетін орындарда III топтың топырақтарында кабельдер мен сымдарды төсеуге арналған 6125-0701 - (0101÷0116) дара сметалық бағалар бойынша;

- ұзындығы 200 м дейін жекелеген өтпейтін батпақты учаскелерде тасталған тростардағы су айдындары арқылы өтуге арналған 6125-0701 - (0201÷0211) дара сметалық бағалар бойынша.

7 Кабель төсегішпен құрылыс ұзындығы 300 м және одан аз коаксиалды кабельдерді төсеуді 1,1 коэффициентімен 6125-0701-(0113÷0114) дара сметалық бағалар бойынша; 1,2 коэффициентімен 6125-0701-(0115÷0116) дара сметалық бағалар бойынша айқындайды.

8 Төсеу тереңдігі 0,9 м-ден асатын радиофикация кабельдерін төсеу 1,3 коэффициентімен 6125-0701 - (0109÷0110) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

9 Кабель төсегішпен кабель желілерінің найзағайдан қорғау сымдары мен тростарын төсеу 6125-0701-(0109÷0110) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

10 Кабельдің созылған ұданаарын орға тарта отырып, көшелер мен жолдар арқылы жасырын өткелдерде кабельдерді төсеу құрылыс ұзындығының 30%-ымен 6125-0702 - (0101÷0107) дара сметалық бағалар бойынша және 70%-ымен 6125-0701 - (0301÷0307) дара сметалық бағалар бойынша, өтулер саны кабельдің бір құрылыс ұзындығына екіден артық болған кезде 6125-0702 - (0101 ÷ 0107) дара сметалық бағалар бойынша қабылданады.

11 Тармақталған муфталарды монтаждау екі тармақта (сұққыда) 1,1 коэффициентімен, екі тармақтан көп 1,3 коэффициентімен тиісті сыйымдылықтағы тікелей муфталарды монтаждауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

12 Төмен жиілікті кабельдердің түйіспелі конденсаторлық және пупин муфталарын монтаждау түйіспелі муфталар үшін 1,25 коэффициентімен; конденсаторлық және пупиндік муфталар үшін - 1,4 коэффициентімен 6125-0701-(0601÷0614, 0701÷0714) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

13 Жоғары жиілікті симметриялы кабельдерде симметриясыз түйіспелі муфталарды монтаждау тікелей муфталарды монтаждау сияқты 6125-0701-(0801÷0821, 0901÷0946) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6125-0702-топ. Қалалық кабельдік байланыс желісінің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-0701-(1401÷1408) дара сметалық бағалар бойынша анықталатын муфталарды монтаждағаннан кейін кабельді сығылған газбен айдау;

б) кабельді тапсырыс берушінің қоймасына тасымалдау 6125-0702 - (0825÷0831) дара сметалық бағалар бойынша;

в) жерге тұйықтау құрылғысы;

г) 6125-0702-0923 дара сметалық баға бойынша қабырға арқылы өту.

2 Кәрізде жоғары жиілікті байланыс жүйелерімен тығыздауға арналған кабельдерді төсеу 1,15 коэффициентімен 6125-0702-(0101÷0107) тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

3 Кабель талшақтарын қатарласу дәнекерлеумен муфталарды монтаждау кезінде 6125-0702-(0301÷0311, 0401÷0437, 0501÷0517) дара сметалық бағаларға 1,1 коэффициентін қолдану керек.

4 Кабельдердегі тармақтағыш муфталарды монтаждау 1, 1 коэффициентімен - екі тармақталуға (сұққыға) дейінгі тікелей муфталарды монтаждауға арналған дара сметалық бағалар бойынша айқындалады;

1,15 - үш тармаққа дейін (сұққы);

1,3 - алты тармаққа дейін (сұққы);

1,5 - 10 тармаққа дейін (сұққы);

1,6 - 10 тармақтан астам (сұққы);

5 Индуктивтік жәшіктердің тұрақтандырғыш кабельдерін қосумен тармақтағыш муфталарды монтаждау кезінде әрбір 100 пупинделген жұпқа тиісті сыйымдылықтағы муфталарды монтаждау бойынша еңбек шығындарына 3,26 адам-сағ қосу керек.

6 Индуктивтілік жәшіктерін орнатуға арналған (6125-0702-(0601÷0604)) дара сметалық бағаларда монтаждау және өлшеу кешені ескерілген. Зауытта монтаждалған тұрақтандыру кабелі бар индуктивтілік жәшіктерін қолданған кезде жәшіктерді орнату 6125-0701-1504-дара сметалық баға бойынша анықталады.

7 Аспалы және қабырғаларға салынған кабельдерге муфталарды монтаждау құдықтардағы муфталарды монтаждауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6125-0703 топ Әуе байланыс желісін өлшеу

Кіріспе нұсқаулар

Осы топ бағаналар мен тіректік сызықтарға ілінген байланыс және радиофикация тізбектерін электрлік өлшеуге арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

6125-0704-топ Кабельдік талшықты-оптикалық байланыс желісі жабдығын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) материалдық ресурстарды кабельдік желілер трассасы бойынша тасымалдау;

б) ордағы кабельге арналған төсем құрылғысы «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 24-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалады;

в) саны жобаға сәйкес жеке анықталатын кабельдер, ШСБ баулары, УССЛК полиэтилен құбырлары, камералар.

2 Тармақтағыш муфталарды монтаждау еңбек шығындары мен машиналардың жұмыс уақытына 1,1 коэффициентімен тиісті сыйымдылықтағы тікелей муфталарды монтаждау дара сметалық бағалар бойынша анықталады; құдықтағы аймақтық кабельдегі муфталарды монтаждау жұмысшылардың еңбек шығындарының құны мен машиналарды пайдалану уақытына 0,95 коэффициентін қолдана отырып, 6125-0704 - (0601÷0608) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

3 Монтаждалған учаскеде екі бағытта өлшеу 2 коэффициентімен 6125-0704-(0901÷0908, 1001÷1008) (кабельдің тиісті сыйымдылығы) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

4 Салынған құрылыс ұзындықтарындағы өлшемдер 0,9 коэффициентімен 6125-0704-(0901÷0908, 1001÷1008) дара сметалық бағалар бойынша айқындалады.

5 Қалааралық талшықты-оптикалық кабельдерді монтаждау аймақтық талшықты-оптикалық кабельдердің дара сметалық бағалары бойынша анықталады.

6 ГТС кабелінде оптикалық ұданаық кабельдік құрылғыларды монтаждауға арналған ресурстардың шығындарын 6125-0704-(1101÷1108) дара сметалық бағалар бойынша, аймақтың кабельде 6125-0704-(1201÷1208) дара сметалық бағалар бойынша айқындау керек.

7 PON пассивті оптикалық желілерінің жабдықтарын монтаждау үшін осы Бөлімнің «Пассивті оптикалық желілер (PON). «Жабдықтарды монтаждау» деген 6125-0706-тобының. дара сметалық бағаларын қолдану керек.

8 Осы Бөлімнің дара сметалық бағаларында келтірілген мәндер арасындағы талшықтардың орташа санына ресурстардың шығындарын айқындаған жағдайда сызықтық интерполяция әдісін қолдану қажет.

9 Танымдық таспаны төсеу 0,3 коэффициентімен 6125-0704-0101-дара сметалық баға бойынша айқындалады.

10 IV топтағы топырақты кәбіл төсегішпен алдын ала пропорциялау автомобиль негізінде кәбілді төсеу және монтаждау кезінде жұмыстарды орындау үшін кешенді монтаждау машинасының жұмыс уақытын шегергенде машиналардың еңбек шығындары мен пайдалану уақытына 0,7 коэффициенті бар 6125-0704-0102 бірлік сметалық бағасы бойынша айқындалады.

11 Кәрізде кабельді құдық арқылы тарту кезінде жұмысшылардың еңбек шығындарының нормаларын 1,1, екі құдық арқылы - 1,2, үш және одан да көп құдық арқылы - 1,3 коэффициентке көбейту керек.

